

Бекітемін
2022 жылғы 31 тамыздағы
Педагогикалық кеңес отырысының
№1 хаттамасы
Л.Ершова
01.09.2022 ж.



Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған
7-сыныптары үшін «Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік
оқубағдарламасы (оқыту қазақ тілінде емес)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған 5-10 сыныптары үшін «Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 6) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. «Қазақ тілі» пәнінің негізгі мақсаты – қарым-қатынас құралы ретінде қазақ тілін меңгерудің қарапайым дағдыларын қалыптастыру, сөйлеу этикетінің ережелеріне және сөздік қызметінде лингвистикалық бірліктерді пайдалану нормаларына сәйкес сөйлеу әрекетінің түрлеріне (тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылым) оқыту.

3. «Қазақ тілі» пәнінің оқыту міндеттері:

- 1) әлеуметтік-тұрмыстық және оқу жағдайында қарым-қатынасқа түсуге қажетті тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдыларын дамыту;
- 2) сөйлеу тілінің фонетикалық жағын дамыту: қазақ тіліндегі дыбыстарды жеке, сөзде, сөйлемде дұрыс айтуға дағдыландыру; қазақ тіліне тән үндестік заңын практикалық түрде игеру, жуан, жіңішке дыбыстарды ажырата білу;
- 3) сөздік қорын дамыту: сөздік қорын заттың атын, сынын, қимылын білдіретін сөздермен толықтыру, молайту; жаңа сөздердің мағынасын түсіну, мағынасы бойынша топтастыру; сөздік қорын молайтуда аударма және түсіндірме сөздіктерді пайдалана білуге үйрету;
- 4) қазақ тілінің грамматикасы туралы білімдерін қалыптастыру; қазақ тілінің нормалары мен ережелеріне сәйкес сөйлемдерді синтаксистік дұрыс құру дағдыларын қалыптастыру;
- 5) байланыстырып сөйлеуін дамыту: диалогтік және монологтік сөйлеу

(ауызекі, жазбаша тіл) дағдыларын қалыптастыру;

- 1) қол жетімді мәтінді дұрыс және мұқият оқу дағдыларын қалыптастыру;
- 2) тілдің дыбыстық құрамын меңгеру, грамматика және емле туралы қарапайым ақпарат негізінде сауатты жазу дағдыларын дамыту;
- 3) білім алушылардың жалпы танымдық процестерін, интернационалдық, патриоттық, Отанға деген сүйіспеншілік сезімдерін қалыптастыру, ой-өрісін, зейінін, есте сақтауын, сөйлеу белсенділігін дамыту;
- 4) әртүрлі халықтардың тілі мен мәдениетіне төзімділік көзқарас қалыптастыру.

1. Екінші тілге оқыту үшін жеңіл ақыл-ой кемістігі бар балаларды оқыту қоршаған ортамен таныстыру, математика, әлеуметтік-тұрмыстық бағдар, кәсіби-еңбекке дайындық пәндерімен тығыз байланыста бірыңғай қазақ тілі сабағы өткізіледі.

2-тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер

2. Оқу процесін ұйымдастыруға арналған педагогикалық тәсілдердің іске асырылуы жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың арнайы оқу қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған арнайы білім беру принциптеріне негізделген:

1) жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды оқытудың түзеу-дамытушылық бағыты, оның ерекше білім беру қажеттіліктері ескеріле отырып, оқу ісінің арнайы тәсілдері және әдістері арқылы жүзеге асырылады;

2) оқытудың әлеуметтік-бейімдеу бағыты тұлғаның бейімделмеушілігін жеңу немесе азайтуды білдіреді; білім алушылардың әлеуметтік өмірге қатысулары үшін қажетті тәртіп пен өмірлік нормаларының меңгерілуі бойынша арнайы жұмыстар қарастырылады;

3) әрекеттік ықпал ету принципі: оқыту барысында педагогтың басшылығымен заттық-практикалық, ізденушілік әрекеттер кең қолданылады, бұл оқу материалын түсінуге жағдайлар жасайды; заттық-практикалық әрекет жоғарғы психикалық функцияларының сенсомоторлық негізін дамытуға (қабылдауы, тілі, ойлау қабілеті), оқушылардың өмірлік тәжірибесінің жеткіліксіздігінің орнын толықтыруға, жалпы білім беру пәндері бойынша білімдер мен дағдыларды меңгерулеріне мүмкіндік береді;

4) ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға саралап және даралап ықпал ету білім алушылардың жастарына, дене болмысына, психологиялық жағдайына, зиятының ерекшеліктеріне қарай, танымдың қабілетін есепке ала отырып және қосымша кемістіктеріне негізделіп бөлінетін 4 типологиялық топты құрайтын педагогикалық жіктелу негізінде іске асырылады (В.В.Воронкова бойынша). Әрбір типологиялық топ үшін педагог олардың мүмкіндіктеріне сәйкес қолжетімді күрделілік пен көлемін ескере отырып, оқу материалының мазмұнын тандап алады; оқу жұмысының қарқыны,

оқушылардың дербестігі, оқыту тәсілдері мен әдістері түрлендіріледі. Білім алушылардың топтарға бөлінуі шартты және қозғалмалы. Жіктемелі тәсіл оқытудың жекеленуімен толықтырылады;

5) оқытудың практикалық бағыттылығы оқылатын материал мен білім алушылардың практикалық әрекетімен арасындағы өзара тығыз байланысты анықтауды, практикалық-бағдарлық міндеттерді шешу үшін маңызды білім мен біліктерді қалыптастыруды білдіреді;

6) коммуникативтік тәсіл – ақпаратты беру және хабарлау, тілдік қатынас барысында білімдерімен, қабілеттерімен және дағдыларымен алмасу; тіл арқылы қатынас жасау қабілеттілігі оқыту нәтижесі болып табылады;

7) арнайы педагогикалық басшылық ету принципі. Ақыл-ой кемістігі бар, әсіресе 3 және 4-типологиялық топтағы оқушылар, оқу міндетін ойдағыдай жүзеге асыруды қамтамасыз ету үшін үнемі жүйелі педагогтің қолдауын талап етеді: білім алушының танымдық мүмкіндіктерін, оқытудың арнайы әдістемелерін біле отырып, оқушының танымдық-оқу әрекетін ұйымдастырып бағыттайды.

3. Сынып бөлмесіндегі жиһаз жеке, жұп немесе топ ішіндегі жұмыс түрлерін ұйымдастыруға ыңғайлы болуы үшін қозғалмалы болғаны дұрыс.

4. Қазақ тілі сабағында білім алушылардың тілін дамыту үшін көрнекіліктерді (салыстырма мазмұнды кестелер, заттық суреттер, кітап бетіндегі жаңа суреттер, сюжетті суреттер, сериялы суреттер, картиналық лотолар, картиналық сөздіктер) тиімді пайдалану сөздік қорды молайтып, жалпы сабақты меңгеруге көмектеседі, білім алушылардың қызығушылығын арттырады;

5. Білім алушылардың коммуникативтік дағдыларын дамыту үшін мұғалімдер түрлі педагогикалық тәсілдер мен технологияларды кеңінен қолдана алады:

1) ақпараттық-коммуникациялық технологияларды тиімді қолдану арқылы білім алушылардың қазақ тіліне деген қызығушылығын арттыру;

2) ойын технологиясын қолдану;

3) тәжірибелік және ойлау іс-әрекеттерін сөзбен сүйемелдеу;

4) әртүрлі электронды жабдықтарды (принтер, сканер, слайдтарды) пайдалану.

6. Білім алушылардың ауызша сөйлеу тілі мен оқу техникасы сабақтан тыс оқу кезінде жетілдіріледі; ауызша сөйлеу тілін дамыту күнделікті өмірде әртүрлі әрекеттерде: тұрмыстық, еңбек, ойын әрекеттерінде жүзеге асырылады.

3-тарау. «Қазақ тілі» оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

7. «Қазақ тілі» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

7-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында – 68 сағатты құрайды.

8. Оқу пәнінің мазмұны:

1) жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған арнайы бағдарлама концентрлік жүйе бойынша құрастырылған, яғни өткен тақырыптар қайталанып, тереңдетіліп кеңейтіліп, білім алушылардың білімі жүйеленіп отырады;

2) білім алушылардың өзіне тән қабілет, мүмкіндіктеріне қарай мұғалімдер оқу материалдарын білімалушының қабылдау деңгейіне байланысты жеңілдетіп беруге мұқтаж болады;

3) сыныптағы білім алушылардың мүмкіндіктерімен ерекше оқыту қажеттілігіне байланысты тақырыпты меңгеруге қажет сағат санын мұғалім өзі анықтап, жоспарлайды.

9. «Қазақ тілі» пәнінің мазмұны келесі бөлімдерді қамтиды:

1) 1-бөлім «Тыңдалым»;

2) 2-бөлім «Айтылым»;

3) 3-бөлім «Оқылым»;

4) 4-бөлім «Жазылым»;

5) 5-бөлім «Тілдік бағдар беру».

10. «Тыңдалым» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсіну;

2) әртүрлі жанрдағы мәтіндерді түсіну;

3) тыңдалым материалдары бойынша жауап беру.

11. «Айтылым» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) қарым-қатынастық дағдыларын дамыту;

2) қазақ тілі этикасын сақтап, сөйлеу мәдениетін меңгеру;

3) диалогті дамыту;

4) байланыстырып сөйлеу;

5) сенімді және еркін жауап беру.

12. «Оқылым» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) оқу жұмыстарын әртүрлі формада ұсыну;

2) әртүрлі ресурс көздерінен қажетті ақпарат алу;

3) оқылым стратегияларын қолдану.

13. «Жазылым» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс жаза білу;

2) жазба жұмыстарын әртүрлі формада ұсыну;

3) іскерлік хат;

4) орфографиялық және пунктуациялық ережелерді сақтау.

14. «Тілдік бағдар» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) жаңа сөздердің, омоним, синоним, антоним сөздерінің, сөз тіркестерінің мағынасын түсіну;

- 2) дыбыстар, буындар; тасымал;
- 3) түбір мен қосымша; сөз таптары;
- 4) сөйлем.

15. 7-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» пәнінің базалық білім мазмұны:

1) тыңдалым: жалғау, жұрнақтардың мағынасын түсіну; қарапайым әдеби мәтіндерді тыңдау, түсіну; аудио және видео таспаға жазылған сөйлемдердің түрін интонациясына байланысты ажырату; басты кейіпкерлердің сипатына, іс-әрекетіне қатысты сұрақ қою, жауап беру;

2) айтылым: көрнекілік, мәтін, жағдаяттар бойынша «кімнің? кімдікі? кімге? неге? кіммен? немен? қанша? нешінші?» деген сұрақтарға сүйеніп диалогтік, монологтік сөйлеу құру; берілген сөйлемдерден мәтін құрау; сөйлемдерді толықтыру, кеңейту; тірек сөздерге сүйеніп 2-3 сөйлем құрастыру; тақырыптарға сай тақпақ, жұмбақ жаттау; мектепте, сыныпта, асханада, көлікте, аулада өзін ұстау ережелерін білу, орындау; әртүрлі жағдаяттарда сөйлеу мәдениетін сақтап, диалогтік сөйлеуге қатысу; сөйлем интонациясы бойынша хабарлы, сұраулы, лепті сөйлемдерді үлгі бойынша құрастыру; сын есімдерді қосып сөйлемді толықтыру;

1) оқылым: шығарманың негізгі ойын анықтау; мұғалімнің көмегімен басты кейіпкерлерді атау, олардың сыртқы келбетін, әрекетін сипаттау; мұғалімнің көмегімен қарапайым жоспар құру, құрылған жоспар бойынша мәтіннің мазмұнын айтып беру; алдын ала белгіленген тапсырманы орындау мақсатымен (қойылған сұраққа жауап табу, мазмұнын айту беру, мәнерлеп оқу) мәтінді өзбетімен оқу; қазақ классиктерінің әдеби шығармаларынан қысқа үзінділерді интонацияларын сақтап, мәнерлеп саналы түрде оқу; өлең, тақпақтар жаттау; сөздікті пайдалану;

2) жазылым: дыбысталуы ұқсас дыбыстарды ажырата білу: ү-ұ дыбыстарды таңбалай, салыстырып ажырата білу; жазылу емлесін салыстырмалы түрде мысалдар арқылы ұғыну; х, һ дыбыстары бар сөздерді дұрыс айтып, қатесіз жазу; х, һ өзара және қ дыбысымен салыстыру; тірек сөздерге сүйеніп сөйлем құрастыру; мұғалімнің басшылығымен құрған жоспарға сүйеніп 2-3 сөйлем құрастыру, жазу; мұғалімнің басшылығымен сұрақ бойынша ретсіз берілген сөздерден сөйлем құрастыру, жазу; мұғалімнің басшылығымен құрған жоспарға сүйеніп мазмұндама жазу; сөздік диктант жазу, сөздікті пайдаланып өз-өзін тексеру; шағын сөзден (10-15 сөз) құралған диктант жазу; өз бетімен шағын құттықтау (досына, анасына, туысына) жазу; орфография және пунктуациялық ережелерді сақтау (жазба жұмыстарында сөзге қосымша жалғауда үндестік заңын ескеріп, орфографиялық нормаға сай дұрыс жазу, сөйлем соңында қойылатын тыныс белгілерді орынды қолдану);

тілдік бағдар: жаңа сөздердің мағынасын түсіну, сөздіктен табу; жалпылама сөздерді практикалық түрде меңгеру, оларға сұрақ қою; буын, буын түрлері туралы түсінік беру, буындарды ажырату; буын үндестігі заңын сақтап айту және жазу; тасымалмен танысу, дұрыс тасымалдауға үйрену; жалқы есім мен жалпы есімді ажырату; септік жалғаулармен танысу, ажырату; белсенді сөздік қорын қолдану, сөзжасамдық жұрнақтарды қолдану, сөз құрастыру; сын есімнің шырайларымен танысу, анықтамасын танып білу; сан есімнің түрлерімен танысу, анықтамасын танып білдіретін сұрақтарын қоя білу; сөйлем интонациясы

бойынша хабарлы, сұраулы, лепті сөйлемдерді ажырату; етістіктің шақтарын білу, ажырату; үлгі бойынша сөйлем құрастыра білу.

4-тарау. Оқыту мақсаттарының жүйесі

16. Бағдарламаның мазмұны бөлім бойынша ұйымдастырылған. Бағдарламада оқу мақсаттары төрт саннан тұратын кодтық белгімен белгіленді. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сан сөйлеу әрекеттерінің ретін, төртінші сан оқу мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 5.5.1.1. кодында «5» – сынып; «5.1» – дағдылар; «1» – оқу мақсатының реттік нөмірі.

17. Оқыту мақсаттары бойынша күтілетін нәтижелер:

1) тыңдалым:

1-кесте

Бөлімш елер	Оқыту мақсаттары
	7-сынып
1.1 сөздер мен сөз тіркест ерінің мағына сын түсіну	7.1.1.1 сөздер мен сөз тіркестері нің мағынасы н түсіну

<p>1.2 әртүрлі жанрда ғы мәтінде рді түсіну;</p>	<p>7.1.2.1 қарапайы м әдеби мәтіндерд і тыңдау, түсіну; 7.1.2.2 аудио және видео таспаға жазылған сөйлемде Білу.</p>
--	---

<p>1.3 тыңдал ым матери алдары бойын ша жауап беру</p>	<p>7.1.3.1 тыңдаған мәтін мазмұны бойынша қойылған сұрақтарғ а жауап беру; 7.1.3.2 басты кейіпкерл ердің сипатына , іс- әрекетіне</p>
--	--

айтылым: 2-кесте

Бөлімш	Оқыту мақсаттары
елер	7-сынып
2.1 қарым-қатынастық дағдыларын дамыту	<p>7.2.1.1 көрнекілік, мәтін, жағдаятта р бойынша: септік сұрақтарға сүйеніп диалогтік, монологтік сөйлеу құру;</p> <p>7.2.1.2 көрнекілік, мәтін, рөлдік ойындар, жағдаятта р бойынша: үлгілерге сүйеніп монологтік сөйлеуді дамыту;</p> <p>7.2.1.3 берілген сөйлемде р-ден</p>

1) оқылым:

3-кесте

Бөлімш елер	Оқыту мақсаттары
	7-сынып
3.1 оқу жұмыс тарын әртүрлі формад а ұсыну;	7.3.1.1 шығарма ның негізгі ойын анықтау 7.3.1.2 мұғалімні ң көмегіме н басты кейіпкерл ерді атау, олардың сыртқы

1) жазылым: 4-

кесте

Бөлімш елер	Оқыту мақсаттары
	7-сынып
4.1 қазақ тіліне тән дыбыс- тардың әріп таңбас ын дұрыс	7.4.1.1 ү-ұ дыбыстар ды таңбалай білу. Салысты ру. Естіп ажырату; 7.4.1.2

1) тілдік бағдар:

2) 5-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары
	7-сынып
5.1 сөздердің, сөз тіркестерінің мағынасын түсіну	7.5.1.1 жаңа сөздердің мағынасын түсіну, сөздіктен табу; 7.5.1.2 жалқы есім мен жалпы

Осы Бағдарлама жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған 5-10 сыныптардағы «Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының ұзақ мерзімді жоспары негізінде осы Бағдарламаның қосымшасына сәйкес жүзеге асырылады. Ұзақ мерзімді жоспарда барлық сынып бойынша әр бөлімде қамтылатын оқу мақсаттарының көлемі белгіленген.

1. Бөлімдер мен тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

Бекітемін
2022 жылғы 31 тамыздағы
Педагогикалық кеңес отырысының
№1 хаттамасы
Л.Ершова
01.09.2022 ж



**Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған бастауыш
білім беру деңгейінің 3 сыныбы үшін
«Айналадағы әлем» пәнінен
жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы**

1 - тарау. Жалпы ережелер

1. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 0-4 сыныптары үшін «Айналадағы әлем» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5- бабы б) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. Бағдарлама мақсаты – білім алушылардың табиғат туралы қарапайым түсініктерді игеруі, олардың қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстары туралы түсініктерін жүйелеу; қоршаған ортадағы құбылыстары мен заттарымен таныстыру негізінде ауызша сөйлеуді дамыту.

3. Бағдарлама міндеттері:

- 1) жалпы мен сөйлеу тілінің дамуына ықпал ету;
- 2) қоршаған орта туралы түсініктерін кеңейту және байыту;
- 3) өзге оқу пәндерін игеруге қажетті қарапайым түсініктер мен ұғымдарды қалыптастыру;
- 4) көріп қабыдау, салыстыру, жалпылау, нақтылау, қарапайым тұжырымдар жасай алу, қарапайым себеп-салдарлық байланысты орната алу қабілетін дамыту.

4. Түзете-дамыту міндеттері:

-) білім алушылардың сөздік қорын байыту;
 -) әлеуметтік дағдыларды қалыптастыру;
 -) өзінің және өзге халықтың мәдениеті мен дәстүрін, ұлттық және жалпы адами құндылықтарды сыйлау сезіміне тәрбиелеу;
- білім алушыларға табиғи, әлеуметтік және технологиялық ортадағы қауіпсіздік ережелері мен мінез-құлық нормаларын үйрету.

2 - тарау. Оқыту процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер

«Айналадағы әлем» пәні бойынша оқу процесін ұйымдастырудың педагогикалық тәсілдері арнайы білім беру қағидаларына негізделіп, білім алушылардың әрқайсысының білім алу қажеттіліктерін қамқаттаушылығына негізделген

6. Оқытудың компенсаторлық-дамытушылық бағыты оқу және оқыту іс-әрекетінің арнайы әдістерімен және тәсілдерімен қамтамасыз етіледі, ескеріледі: ойлау процестерінің инерттілігі, танымдық белсенділігінің төмендігі, жалпылама және абстракты ойлау функциясының әлсіздігі, сөйлеу дамуының кешеуілдеулігі.

. «Айналадағы әлем» – қоғам, адам және табиғаттың өзара әрекеті мен өзара тәуелділігі туралы білім жүйесін қалыптастырушы пән; оқыту объектілері – адам, табиғат, қоғам, соның ішінде отбасы, мәдениет, денсаулық, өзара қарым-қатынас, ұлт, бірлестік, мемлекет, қоршаған табиғи орта.

. Аталған курстың түзетуші қызметі – қоршаған болмыс заттары мен құбылыстарымен таныстыру негізінде танымдық аясы мен ауызша сөйлеу тілін дамыту, сөйлеудің реттеуші, коммуникативтік қызметін дамыту.

Оқытудың әлеуметтік-бейімдеу бағыты тұлғаның әлеуметтік бейімсізденуін еңсеруді немесе азайтуды көздейді; сондай ақ мінез-құлық нормаларын, өмірлік қарым-қатынастық және тұрмыстық дағдыларының қалыптасуына ықпал жасайды.

10. Жеке және саралап оқыту тәсілі оқу материалын меңгеру кезінде байқалатын білім алушылардың вариативті типологиялық ерекшеліктерімен байланысты болады және олардың білім, білік, дағдылардың меңгеруінің сапасына әсер етеді.

11. Саралап оқыту барысында мұғалім білім алушылардың түрлі типологиялық топтары үшін оқу материалының әр түрлі көлемі мен күрделілігін, білім алушылардың оқу тапсырмаларын орындау дербестік дәрежесін, көрнекі-дидактикалық материалдардың түрлерін қолданады.

. «Айналадағы әлем» сабақтарында қолданатын жетекші әдістер -білім алушылардың заттық-тәжірибелік іс-әрекеті, зерделенетін құбылыстар мен заттарды тікелей бақылау (экскурсияларда), ақыл-ой және сөйлеу, сондай-ақ ойын әрекеттері (дидактикалық, сюжеттік-рөлдік, үстел үсті ойындары, ереже бойынша ойындар).

13. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың жетістіктерін бағалау тек ішкі бағалаумен жүзеге асырылады.

14. Деңгейлік мақсаттарға сәйкес әзірленген тапсырмалар мен жаттығулар бағалаудың құралы болып есептеледі.

15. Оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру нәтижелерін тікелей мұғалім бағалайды, жүйелі түрде бақылау бағалау әрекеттерін жүзеге асырады.

16. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды оқытудың нәтижелілігін бағалау ағымды (сабақ бойынша), кезеңдік (тақырыптық) және қорытынды бақылау түрінде іске асырылады.

17. Ағымды бақылау оқытудың мазмұны мен әдістерін дұрыс таңдау мақсатында жүргізіледі; бұл ретте педагог сабақта білім алушылардың қызметін бақылауды, практикалық және дербес жұмыстарды, ұжымдық қызмет түрлерін, талдауды пайдаланады.

18. Кезеңдік (тақырыптық) бақылау әр түрлі типологиялық топтардағы білім алушыларының оқу материалын меңгерудің түрлі мүмкіндіктерін ескере отырып, тақырыптың, бөлімнің аяғында жүргізіледі.

19. Әр білім алушының оқу жетістіктері мен даму динамикасын талдау мақсатымен тоқсанның, жылдың аяғында қорытынды бақылау жүргізіліп, жетістіктері оқу картасына енгізіледі.

20. «Айналадағы әлем» оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

3-сыныпта – аптасына 0.5 сағат, оқу жылында 17 сағат

21. Бағдарлама мазмұны келесідей бөлімдерді қамтиды:

1) «Мен және қоғам» бөлімі; 2)

«Табиғат» бөлімі;

3) «Менің отаным - Қазақстан» бөлімі;

4) «Сөйлеу дағдыларын қалыптастыру» бөлімі.

22. «Мен және қоғам» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды: мен және

менің отбасым;

мектеп, сынып.

23. «Табиғат» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды: 1)

табиғаттағы мерзімдік өзгерістер;

2) тірі табиғат; 3) өлі

табиғат.

24. «Менің отаным - Қазақстан» бөлімі келесідей бөлімшені қамтиды: 1)

«Менің отаным – Қазақстан».

25. «Сөйлеу дағдыларын қалыптастыру» бөлімі келесідей бөлімшені қамтиды:

1) қоршаған орта құбылыстары мен заттарымен таныстырудың негізінде ауызша сөйлеуді дамыту.

3-сыныпқа арналған «Айналадағы әлем» пәнінің базалық мазмұны:

1) мен және менің отбасым: отбасы, отбасы мүшелері, отбасылық суреттер негізінде отбасы мүшелерінің сөзбен жасалған портреттері; отбасы мүшелері арасындағы міндеттерді бөлу; киім заттары: бас киім, күнқағар, берет, қолғап, шұлғы, гольфтер; әртүрлі киімдердің қызметтері. Киім күтімі (щеткамен тазалау, жуу, бүктеу және сақтау). Аяқ киім заттары: қыстық, жаздық, күздік-көктемдік аяқ киімдер; аяқ киім күтімі (жуу, кептіру, щеткамен тазалау, аяқ киімдерге арналған майларды пайдалану). Жеке тазалық ережелері. Жиһаз: орындық, үстел, диван, төсек, кресло, шкаф. Жиһаздың қызметтері және оған күтім жасау (құрғақ және ылғал шүберекпен сүрту, шаңсорғышпен тазалау, қағу, төсекті жинау). Мектеп, сынып: сыныптағы, мектептегі білім алушының тәптіп ережелері; білім алушының күн тәртібі; сабақ күн тәртібі; білім алушы күнделігін жүргізу, сыныпта, мектеп ғимаратында тәртіп сақтау; мектеп, үй орналасқан көше, жаяу жолдар, саябақтар, көшенің атауы, үйдің нөмірі, мектептің және үйдің мекен-жайы. Көлік: автобус, троллейбус, трамвай, жеңіл, жүк мәшинелері, арнайы мәшинелер. Жол қозғалысы ережелері: бағдаршамның жасыл түсі жанған кезде және «өту» белгісі бар жерде көшеден өту;

2) табиғаттағы маусымдық өзгерістер: жазбен салыстырғанда күздегі табиғаттың өзгеруі – күннің қысқаруы, күннің сууы, жиі жауатын жаңбырлар, ерте және кеш түскен күз, күздің белгілері, өсімдіктер мен жануарлар өмірінің өзгеруі – жемістер мен дәндердің пісуі, гүлдер мен жапырақтардың солуы, жапырақтардың түсінің өзгеруі, жәндіктердің жоғалуы, құстардың ұшып кетуі, маусымдық жұмыстар –

дәндерді жинау, егінді жинау; күзбен салыстырғанда қыста ауа-райының өзгеруі – күннің қысқаруы, үсіктер, алғашқы қар, аяздар, қар түсу, су қоймаларының қатуы, қыстың белгілері, қыстағы ағаштар мен бұталар, қыстайтын құстар. Қыста құстарға жем беру; қыспен салыстырғанда көктемдегі ауа-райының ауысуы – күннің ұзаруы, күннің жерді қыздыруы

тамшылар, күннің жылуы, қардың еруі, мұзды сөгілуі; көктемнің белгілері, ағаштардың бүршік жаруы, жапырақтардың жайылуы, ерте шығатын гүлдер – бәйшешек, өгейшөп, меруертгүл, бақбақ құстардың ұшып келуі, балапан шығаруы, мектеп аумағындағы маусымдық жұмыстар – қопсыту, тырмалау, себу, отырғызу, бақтағы, бақшадағы жұмыс; көктеммен салыстырғанда жаздағы ауа-райының өзгеруі – ұзақ күндер, ыстық күн, ашық аспан, әдемі бұлттар, қапырық, бұлттар, күннің күркіреуі (күркіреу, найзағай), жазғы нөсерлер, жаздың белгілері, мектеп аумағындағы маусымдық жұмыстар және өсімдіктерге күтім жасау – суғару, арамшөпті отау, егінді жинау;

3) өлі табиғат: ауа және оның адам, жануар, өсімдік өміріндегі мәні, ауа қысымын өлшеуге арналған термометр, тұрғын үй ғимаратындағы, көшедегі ауа қысымын өлшеуге арналған термометр, ғимаратты желдету, ғимараттағы, көшедегі ауаның тазалығы; жел – ауа қозғалысы, желдің бағыты, желдің күші, қысымы (суық-жылы);

4) тірі табиғат: өсімдік, ерте гүлдейтін өсімдіктер – бәйшешек, қызғалдақ, меруертгүл, олардың құрылысы – тамыры, сабағы, жапырақтары, гүлдері, жалпы және ерекше белгілері; ағаштар – аққайың, жөке ағашы, үйеңкі, терек, емен, жалпы белгілері: тамыр, діңгегі, бұтақтары, жапырақтары; ерекше белгілері: діңгегінің бояулары, жапырақтарының формалары; бақ ағаштары (сүйекті ағаштар) – қара өрік, шие, алша, сары алша, салыстыру және тану. Ерекше белгілері – діңгегінің бояулары, жапырақтарының формалары, жемістерінің формалары, белгілері бойынша жемістерінің сипаттамасы – формасы, түсі, иісі, дәмі; қарбыз, қауын; формасы, түсі, көлемі, дәмі, иісі бойынша ажырату. Бақша – көкөністер (картоп, орамажапырақ, қызылша, асбұршақ немесе бұршақ тектестер), сыртқы түрі, дәмі, тамаққа қолдану, шикі көккөністерді қолдану кезінде тазалық ережелерін сақтау, асбұршақ және бұршақтектес өсімдіктерді өсіру. Бұтақты өсімдіктер – мамыргүл, итмұрын, тану, атауы, ағаштармен салыстыру, ерекше белгілері – көпдінділігі, жапырақтарының формасы, гүлдері, жалпы белгілері – тамыры, жапырақтары; жеміс-жидекті бұталар – қарақат, таңқұрай, қарлыған, салыстыру және тану; бақ пен бақшаның өсімдіктеріне күтім жасау. Үй жануарлары және оның төлдері: ешкілер, қойлар. Дене бөліктері, қоректенуі, адамдарға әкелетін

пайдасы; адамның үй жануарларын күтуі. Үй құстары: тауық, үйрек, олардың балапандары, сыртқы түрі, олардың адамдарға пайдасы, үй құстарына адамның күтім жасауы. Жабайы жануарлар – аю, кірпі, сыртқы түрі, балалары, тамақ табу тәсілдері. Жабайы құстар: торғай, қарға, қараторғай, бозшымшық, сауысқан, сыртқы түрі, өлшемдері бойынша салыстыру; қыстайтын құстар – торғай, қарға, сауысқан, сарышымшық, бозшымшық; қыста құстарға көмек беру; жылы жаққа ұшатын құстар – дегелек, қарлығаш, қараторғай, құстарға бақылау жасау, өмір сүру жағдайларын салыстыру, адамның жабайы құстарға күтім жасау. Жәндіктер – шыбын,

маса, шегіртке, қызыл қоңыз, таңдап алынған жәндіктердің 3-4 түрін атау және көрсету, өсімдіктер және жануарлар әлеміндегі жәндіктердің мәні;

5) Менің отаным – Қазақстан: Қазақстан Республикасының елтаңбалары – Қазақстан Республикасының мемлекеттік гербі, Қазақстан Республикасының мемлекеттік туы, Қазақстан Республикасының мемлекеттік әнұраны.

Қазақстанның астанасы. Мемлекеттік мерекелер: Жаңа жыл, Халықаралық әйелдері күні, Наурыз, Қазақстан халықтарының бірлігі күні, Жеңіс күні. Қазақтардың ұлттық киімі, ұлттық костюмнің заттары - камзол, сәукеле, ішіктер, тұмақ, кимешек, тақия, бөрік. Қазақ үйі - көшпенді қазақтардың тұрғын үйлері, оның жабдықтары; ұлттық балалар ойыны. Өлкетану мұражайларына экскурсия жасау. Мұражайда өзін-өзі ұстау ережелері. Тұратын жерге жақын ауылдар, олардың атаулары;

б) қоршаған орта заттары мен құбылыстарымен таныстыру негізінде ауызша сөйлеуді дамыту: сөздікті байыту және нақтылау. Заттардың атауы, түсі, формасы, көлемі, дәмі, иісі бойынша олардың сипаттамалары. Екі затты салыстыру. Ұқсас және айырмашылық белгілерін табу. Заттардың жіктелуі. Жалпылама сөздермен заттардың топтарын белгілеу. Әңгімелесуге қатысу. Сұрақтарға толығымен дұрыс жауап беру, сұрақ қоя алу, сыныптастарының айтқандарын толықтыру, қарапайым жәй сөйлемдер құрау, және шылауымен келетін сөйлемдер құрау, Мұғалімнің жетекшілігімен заттар мен табиғат құбылыстарын бақылағаннан кейін оларды сипаттау. Жоспар бойынша сұрақ түріндегі, суреттік жоспар бойынша өз ойын бір-бірімен байланыстырып айту (суреттер сериясынан). Мұғалімнің жетекшілігімен зерделенетін өсімдіктер мен жануарлар, табиғат құбылыстары, табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы шағын әңгімелер құрау. Сөйлеуде қайта игерілген сөздер, сөз алды қосымшалары мен үстеулер арқылы нақты нысандар арасындағы кеңістіктік және уақытша қатынастарды білдіретін сөйлемдерді пайдалану.

б) қоршаған орта заттары мен құбылыстарымен таныстыру негізінде ауызша сөйлеуді дамыту: тұрмыста және сабақтардағы сөздік қорды байыту және нақтылау. Олардың негізгі қасиеттері бойынша заттар мен құбылыстардың атауы және сипаттамалары. Заттарды салыстыру, заттарды жіктеу, қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды анықтау. Әңгімеге белсене араласу.

Қарапайым жәй сөйлемдер мен және, ал, бірақ, өйткені, ол үшін сияқты шылаулары арқылы жасалатын күрделі сөйлемдерді құрау. Олардың белгілері мен әрекеттері бойынша заттарды топтастыру процесінде игерілген сөздерді пайдаланумен табиғат құбылыстарын, заттарды сипаттау; заттар мен құбылыстарды өзара және өзге заттар мен құбылыстармен салыстыру. Әңгімеде қарастырылған сұрақтар бойынша өзара байланысты пікір білдірулер. Жеке бақылаулар мен оқылған материалдар негізінде әңгімелесушілердің айтқандарын толықтыру. Мұғаліммен ұсынылған тақырып бойынша шағын әңгімелерді құрастыру. Сөйлеуде қайта игерілген сөздер мен сөз орамдарын пайдалану, сөз алды қосымшалары, шылаулар, кейбір үстеулер көмегімен шынайы нысандар арасындағы байланыстар мен қатынастарды көрсету.

31. Бағдарламадағы оқу материалының орналасуы үлгілік болып табылады, білім алушылардың ерекшеліктерін ескере отырып мұғалім бағдарламалық материалды өз бетінше үйлестіре алады (тоқсаннан тоқсанға,

сыныптан сыныпқа). Мұғалім әр тақырыпты оқыту үшін қажетті сағат санын дербес анықтай алады.

4 - тарау. Оқыту мақсаттарының жүйесі

32. Оқу бағдарламасында әрбір бөлімнің оқу материалының мазмұны мен бірізділігін анықтау үшін негіз болатын, білім алушылардың жетістіктерін бағалау критерийлері болып табылатын, оқыту мақсаттары жүйесі түрінде ұсынылған күтілетін нәтижелер көрсетілген.

33. Бағдарламада оқу мақсаттары кодтық белгімен берілген. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сандар – бөлімше ретін, төртінші сан - оқу мақсатының реттік нөмірін білдіреді. Мысалы, 1.1.3.4 кодталуында: «1» – сынып, «1.3» – бөлімше, «4» – оқу мақсатының реттік саны.

34. Оқыту мақсаттарының жүйесі бойынша күтілетін нәтижелер: 1) «Мен және қоғам» бөлімі:

1-кесте

3 сынып

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары
1.1 Мен және менің отбасым	3.1.1.1 Отбасылық фото негізінде отбасы мүшелерінің сөздік портретін құрау; 3.1.1.2 отбасы мүшелерінің арасында міндеттерді бөлу туралы айту; 3.1.1.3 киімдерді атау: бас киім, , шляпа, берет, қолғап, нәски, гольфы, олардың қызметтері; 3.1.1.4 қыстық, жаздық, күздік-көктемдік аяқ киімдерді атау; 3.1.1.5 киім мен аяқ-киімге күтім жасау; 3.1.1.6 жиһаз заттарын атау: орындық, үстел, төсек, кресло, шкаф, олардың қызметтері; 3.1.1.7 жиһазға күтім жасау (құрғақ және дымқыл шүберекпен сүрту, шаңсорғыш пен тазалау, төсекті тазалау, қағу); 3.1.1.8 үйдің мекен-жайын айту
1.2. Мектеп, сынып	3.1.2.1 білім алушының өзін-өзі ұстау ережелерін ұстануы; 3.1.2.2 бір күннің тәртібін құрау; 3.1.2.3 сабақтардың күн тәртібін білу; 3.1.2.4 күнделік жүргізу, сыныпта реттілікті сақтау; 3.1.2.5 көшеде қозғалу ережелерін сақтау; 3.1.2.6 мектептің мекен-жайын білу; 3.1.2.7 көлік құралдарын білу: автобус, троллейбус, трамвай, жеңіл көлік, жүк көлігі, арнайы көліктер.

2. «Табиғат» бөлімі: 2-кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары
2.1. табиғаттағаттағы маусымды маусымдық	3.2.1.1. Жыл айларын атау, оларды уақытпен сәйкестендіру. 3.2.1.2. Жазбен салыстырғанда күзде ауа – райының ауысуы туралы айтып беру, күзбен салыстырғанда қыста ауа – райының ауысуы туралы ауысуы; көктеммен салыстырған да жаздағы ауа райының

өзгерістер	<p>ауысуы; қыспен салыстарған да көктемдегі ауа-райының ауысуы; 3.2.1.3 күздің ерте және кеш белгілерін атау; 3.2.1.4 жыл мезгілінің ауысуына байланысты өсімдіктер мен жануарлардағы өзгерістер туралы айту; 3.2.1.5 мектеп жанындағы аумақта маусымдық жұмыстарды орындау және өсімдіктерге күтім жасау; 3.2.1.6 бақылау жасағаннан кейін мұғалімнің басшылығы мен заттар мен табиғат құбылыстарын сипаттау.</p>
2.2. Тірі табиғат	<p>3.2.2.1 ерте гүлдейтін өсімдіктерді, олардың бөліктерін білу; 3.2.2.2 ағаш атауларын білу және атау – ақ қайың, жөке, үйеңкі, емен, терек; 3.2.2.3 ағаш бөліктерін атау – тамыры, діңгегі, бұтақтары, жапырақтары; 3.2.2.4 ағаштарды айрықша белгілері бойынша салыстыру (діңгегі, жапырақтары); 3.2.2.5 бұтақтар және оның бөліктерін білу; 3.2.2.6 ағаштар мен бұтақтарды салыстыру; өсімдіктер мен жануарлар әлеміндегі жәндіктердің орнын атау; 3.2.2.7 тамаққа пайдаланылатын көкөністер мен жемістердің сыртқы түрін, дәмін білу; 3.2.2.8 сыртқы түрі, дәмі бойынша жемістер мен сөсөністерді салыстыру; 3.2.2.9 шикі көкөністер мен жемістерді пайдалану кезінде тазалық ережелерін орындау; 3.2.2.10 адамдарға пайда әкелетін үй жануарлары мен олардың төлдерін білу және атау; 3.2.2.11 үй жануарларының сыртқы түрін сипаттау, дене бөліктерін білу; 3.2.2.12 адамдарға пайда әкелетін үй құстарын білу және атау; 3.2.2.13 үй құстары сыртқы түрін сипаттау; 3.2.2.14 жабайы жануарлар мен олардың төлдерін тану; 3.2.2.15 үй және жабайы жануарларының өмір сүру жағдайын салыстыру; 3.2.2.16 қыстайтын және жылы жаққа ұшып кететін құстарды білу; 3.2.2.16 таңдау бойынша жәндіктердің 3-4 түрін, сыртқы түрін білу және атау, өсімдік және жануарлар әлеміндегі жәндіктердің орны</p>
2.3. Өлі табиғат	<p>3.2.3.1 адам, жануар, өсімдік өміріндегі ауаның мәнін түсіндіру; 3.2.3.2 ауа қысымын өлшеу; 3.2.3.3 ғимаратты желдету; ғимараттағы ауаның тазалығын бақылау</p>

3. «Менің отаным - Қазақстан» бөлімі

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары
3.1 Менің Отаным – Қазақстан	<p>3.3.1.1 мемлекеттік рәміздерді білу және атау – елтаңба, ту, әнұран 3.3.1.2 Қазақстан Республикасының әнұраны ойнаған кезде қолды оң жаққа қойып тұру;</p>

- 3.3.1.3 Қазақстан Республикасының мемлекеттік мерекелерін атау;
- 3.3.1.4 тұрғылықты жерге жақын елді мекенді атау;
- 3.3.1.5 мұражайда өзін-өзі ұстау ережелерін ұстану;
- 3.3.1.6 ұлттық қазақи костюмдердің заттарын атау;
- 3.3.1.7 қазақтардың тұратын жері – қазақ үйі туралы айту;
- 3.3.1.8 қазақтың балалар ойындарын атау

4. «Сөйлеу дағдыларын қалыптастыру» бөлімі:

Бөлімше	Оқыту мақсаттары
4.1. Қоршаған орта құбылыстары мен заттарымен таныстырудың негізінде ауызша сөйлеуді дамыту	<ul style="list-style-type: none"> 3.4.1.1. заттар мен табиғат құбылыстарын атау, олардың негізгі қасиеттері бойынша сипаттау; 3.4.1.2 заттармен құбылыстарды салыстыру; 3.4.1.3 заттарды жіктеу, жалпылама сөздермен топтарды анықтау; 3.4.1.4 әңгімеге қатысу, сұрақтарға толығымен жауап беру, сыныптастарының айтқандарын толықтыру; 3.4.1.5 қарапайым және жай сөйлемдерді шылауымен келетін сөйлемдерді құрастыру; 3.4.1.6 мұғалімнің жетекшілігімен заттар мен табиғат құбылыстарын бақылауға алғаннан кейін сипаттау; 3.4.1.7 суреттік жоспар бойынша сұрақ түріндегі өзара байланысты пікірді құрау (сериялар, суреттер); 3.4.1.8 мұғалімнің жетекшілігімен табиғаттағы маусымдық өзгерістер, табиғи құбылыстар, зерделенетін өсімдіктер мен жануарлар туралы шағын әңгімелер құрау; 3.4.1.9 сөйлеуде сөз алды қосымшалары мен үстеулер арқылы нақты нысандар арасындағы кеңістіктік және уақытша қатынастарды пайдалану

Бекітемін
2022 жылғы 31 тамыздағы
Педагогикалық кеңес отырысының

№1 хаттамасы
И.Ершова
01.09.2022 ж

Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 3 сынып үшін «Қол еңбегі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы

1 - тарау. Жалпы ережелер

1. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 0-3 сыныптары үшін «Қол еңбегі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5 бабы б) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. Бағдарлама мақсаты – білім алушыда, әлеуметтік бейімдеуге және өзіндік еңбек іс-әрекетіне дайындауға себептесетін бастапқы технологиялық білім, еңбек біліктілігі мен дағдыларын, еңбекті жоспарлау мен ұйымдастыру тәсілдерін қалыптастыру.

3. Бағдарлама міндеттері:

1) білім алушыларда жалпы еңбектік біліктілік пен дағды негіздерін қалыптастыру: жұмыс жоспарын ұстана білу, өзінің іс-әрекетін қадағалау, үлгіге қарап жасау, алынған нәтижені бағалау;

2) қол еңбегі дағдыларын басқа сабақтарда, күнделікті өмірде қолдануға үйрету;

3) көрнекі-әрекеттік және көрнекі-бейнелік ойлауын дамыту;

4) еңбексүйгіштікті, бастаған істі соңына дейін жеткізу біліктілігін, ұқыптылықты қалыптастыру.

4. Түзете-дамыту міндеттері:

1) сындарлы (конструктивті) қабілетін, көркем және эстетикалық талғамын, қиялы мен кеңістік ойлауын дамыту;

2) көру-қозғалыс координациясын, ұсақ моторикасын дамыту;

3) арнайы терминологиямен сөздік қорын кеңейті және байыту.

2 - тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер

5. «Қол еңбегі» пәні бойынша оқу процесін ұйымдастыруға арналған педагогикалық тәсілдерінің іске асырылуы білім алушылардың арнайы оқу қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған.

6. Оқытудың компенсаторлық-дамыту бағыттылығы қағидасы арнайы әдістермен және оқу-әдістемелік тәсілдерімен қамтамасыз етіледі: үздіксіз қайталау, жаңа материалды меңгеру үшін арнайы жағдай жасау, балалардың заттық-тәжірибелік іс-әрекетін кеңінен пайдалану, орындаған жұмыстарын баяндап отыруды талап ету, оқу әрекетінің әр қадамына басшылық ету, бақылау.

7. Оқытудың әлеуметтік-бейімдеу бағыты тұлғаның әлеуметтік бейімсізденуін жоюды немесе азайтуды көздейді, әлеуметтік мінез-құлық нормалары мен өмірлік маңызды дағдылардың қалыптасуына ықпал жасайды.

8. Жеке тәсілі және саралап оқыту қағидасы оқу материалын меңгеру кезінде байқалатын білім алушылардың вариативті типологиялық ерекшеліктерімен байланысты болады және олардың білім, білік, дағдылардың меңгеруінің сапасына әсер етеді.

9. Саралап оқыту барысында мұғалім білім алушылардың түрлі типологиялық топтары үшін оқу материалының әр түрлі көлемі мен күрделілігін, білім алушылардың оқу тапсырмаларын орындау дербестік дәрежесін, көрнекі-дидактикалық материалдардың түрлерін қолданады.

10. Бағдарлама материалы білім алушылардың еңбек әрекетіне қажетті күрделі қозғалыстарды ұйымдастыру қабілеттерін дамытуға ықпал етуге мүмкіндік береді.

11. Тәжірибелік іс-әрекет қызметі нақты еңбек нысанына зейін аударуға мен қызығушылық танытуға мүмкіндік береді. Бұл ретте оқушының сақталған көрнекі-әрекеттік ойлауына сүйенеді.

12. Деңгейлік мақсаттарға сәйкес әзірленген тапсырмалар мен жаттығулар бағалаудың құралы болып есептеледі. Қол еңбегі сабақтары заттарды талдаудың жалпылама тәсілдерін үйретеді:

- 1) нысананы тұтас қарастыруға, оның мәнін анықтауға;
- 2) негізгі бөліктерін айқындауға (саны, атауы, формасы, материалы); 3) бөліктердің кеңістік орналасуын белгілеуге;
- 4) бөліктегі негізгі детальдарын анықтауға (саны, атауы, формасы, материалы).

13. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды оқытудың нәтижелілігін бағалау ағымдық (сабақ бойынша), кезеңдік (тақырыптық) және қорытынды бақылау түрінде іске асырылады.

14. Ағымдық бақылау оқытудың мазмұны мен әдістерін дұрыс таңдау мақсатында жүргізіледі; педагог сабақта білім алушылардың қызметін бақылауды, практикалық және дербес жұмыстарды, ұжымдық қызмет түрлерін талдауды пайдаланады.

15. Кезеңдік (тақырыптық) бақылау әр типологиялық топтағы білім алушылардың оқу материалын меңгерудегі түрлі мүмкіндіктері ескере отырып, тақырыптың, тараудың аяғында жүргізіледі.

16. Әр білім алушының оқу жетістіктері мен даму динамикасын талдау мақсатында тоқсанның, жылдың аяғында қорытынды бақылау жүргізіліп, жетістіктері оқу картасына енгізіледі.

3 - тарау. «Қол еңбегі» пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

3 сыныпта – аптасына 0,5 сағат, оқу жылында 17 сағатты құрайды.

18. Бағдарлама 5 бөлімді қамтиды:

- 1) «Ермексазбен жұмыс»;
- 2) «Құрастыру»;
- 3) «Табиғи материалмен жұмыс»;
- 4) «Қағаз және қатырмақағазбен жұмыс»;
- 5) «Жіппен және текстилді материалмен жұмыс».

19. «Ермексазбен жұмыс» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) көлемді бұйымдар;
- 2) композициялар;
- 3) жалпақ бұйымдар.

20. «Құрастыру» бөлімі келесідей бөлімшені қамтиды:

- 1) бөлшектердің кеңістікте орналасуы

21. «Табиғи материалмен жұмыс» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) көлемді бұйымдар;
- 2) жалпақ бұйымдар;
- 3) композициялар.

22. «Қағаз және қатырмақағазбен жұмыс» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) көлемді бұйымдар;
- 2) жалпақ бұйымдар.

23. «Жіппен және текстилді материалмен жұмыс» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) көлемді бұйымдар;
- 2) жалпақ бұйымдар.

3 - сыныпқа арналған «Қол еңбегі» пәнінің базалық мазмұны:

1) ермексазбен жұмыс: қатырмақағазға жануарлардың сұлбасын түрлі-түсті ермексаздан жасалған шариктерден қойып шығу; тұрмыстық заттардың, жануарлардың, жиһаздың, ыдыстардың көлемді фигураларын үлгі бойынша мүсіндеу лепка; жұмысты жоспар бойынша орындау; атқарған жұмыстың реті туралы ауызша есеп беру;

2) құрастыру: «Лего» конструкторын пайдалана отырып, заттарды құрастыру; композицияларды құрастыру және күйіне келтіру;

3) табиғи материалмен жұмыс: табиғи материалды жинау мақсатымен табиғатқа саяхатқа шығу; жұмыс кезінде пайдалынатын материалдардың сипаты: түсі, пішіні, мөлшері; қосылу түрі; құралдар: біз, пышақ, қылқалам; желім құрамасы: БФ, ағаш желімі; бұйымды үлгі және суреті бойынша дайындау; жүгері собағынан, грек жаңғағының қабығынан, емен жаңғағынан, сымтемірден ермексаздан, күнбағыс дәндерінен жануарлардың фигураларын өздігінен дайындау; түрлі материалдардан көлемді бұйымдарды өз ойы бойынша жасау (соңғы саяхаттан, кітап оқудан, кинофильм көріргеннен кейін); «Байге» - қазақтың ұлттық ойыны тақырыбында өз ойы бойынша композиция дайындау; жұмысты жоспар бойынша орындау; атқарған жұмыстың реті туралы ауызша есеп беру;

4) қағаз және қатырмақағазбен жұмыс: қатырмақағаздан жасалған бұйымдарды көмкерудің мәні, түрлері; паракпен көмкеру мен бір бағытта сызғыш бойынша белгілеудің ережелері; түрлі-түсті қағазбен қатырмақағаздың сипаты; безендіруге арналған қатырмақағаз сұрыптары; мұғалімнің көмегімен және өздігінен жоспар бойынша бұйымды дайындау; дайындамалар, шаблондар және өлшемдер бойынша жұмыс істеу; затты-операциональді жоспар бойынша жұмыс істеу, бұйымды затты-операциональді жоспарлау бойынша дайындау реттін жоспарлау және бұйымды дайындау; қалын түрлі-түсті қағаздардан көлемді шырша ойыншықтарын дайындау; жаңа жылдық карнавал үшін маскалар дайындау; конфигурациясы күрделі шаблондар бойынша қатырмақағазды және қағазды белгілеу; қатырмақағаздан және қағаздан конфигурациясы күрделі қазақ оюларының жеке элементтерін дайындау: «сынық мүйіз, «түйе-табан»; жұқа қатырмақағаздан ашық қораптарды дайындау; шаблон және сызғыш бойынша қорап ұңғылын белгілеу; қорапты екі тәсілмен жапсыру: қақпақ арқылы және түйіскен жігі бойынша, оклеивание қағаз жолағымен жапсырып шығу;

5) жіп және текстильді материалдармен жұмыс: адамның тұрмыстық,көркем іс-әрекетінің тарихындағы өрудің мәні; қиғаш ілмектеулі тігістің мәні; тұрмыс бұйымдарын әшекейлеудегі оюлардың мәні; бірнеше рет өрілген жіптерден білезік дайындау; қағаздағы дайын тесіктер бойынша тігу; қиғаш ілмектеулі тігіспен танысу; дайын тесігі бар шаршы формасындағы қағазда қазақ оюларын тігу («сынық мүйіз», «түйе табан»). Түрлі-түсті қарындаштармен бояу.

4 - тарау. Оқыту мақсаттарының жүйесі

28. Оқу бағдарламасында әрбір бөлімнің оқу материалының мазмұны мен бірізділігін анықтау үшін негіз болатын, білім алушылардың жетістіктерін бағалау критерийлері болып табылатын, оқыту мақсаттары жүйесі түрінде ұсынылған күтілетін нәтижелер көрсетілген.

29. Оқу бағдарламасында оқыту мақсаттары кодтық белгімен белгіленді. Кодтың бірінші саны сыныпты білдіреді, екіншісі мен үшіншісі – бөлімнің және бөлімшенің реттік санын, төртінші сан – оқу мақсатының реттік номерін көрсетеді. Мысалы, 1.2.1.4 кодындағы «1» – сынып, «2.1» – бөлімше, «4» – оқыту мақсатының сандық белгісі.

30. Оқыту мақсаттарының жүйесі бойынша күтілетін нәтижелер:

«Ермексазбен жұмыс»:

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары
1.1 Көлемді бұйымдар	3.1.1.1үлгі бойынша қатқан адамның фигурасын мүсіндеу: қыз, ұл; 3.1.1.2 үлгі бойынша үй жануарының көлемді фигурасын мүсіндеу «Ит»; 3.1.1.3үлгі бойынша үй тұрмыстық заттарды мүсіндеу: үтік, тегеш; 3.1.1.4 үлгі бойынша үй тұрмыстық заттарды мүсіндеу: сыпыртқы, қалақ; 3.1.1.5жгуттардан кесе мүсіндеу 3.1.1.бспорттық снарядты мүсіндеу

	<p>«Гантелдер»; 3.1.1.7 спорттық снарядты мүсіндеу «Секірпе жіп»; 3.1.1.8 спорттық снарядты мүсіндеу «Шаңғы»; 3.1.1.9 спорттық снарядты мүсіндеу: «футбол және теннис доптары» мүсіндеу: үтік, тегеш; 3.1.1.4үлгі бойынша үй тұрмыстық заттарды мүсіндеу: сыпыртқы, қалақ; 3.1.1.5 жгуттардан кесе мүсіндеу 3.1.1.6 спорттық снарядты мүсіндеу «Гантелдер»; 3.1.1.7 спорттық снарядты мүсіндеу «Секірпе жіп»; 3.1.1.8спорттық снарядты мүсіндеу «Шаңғы»; 3.1.1.9 спорттық снарядты мүсіндеу: «футбол және теннис доптары»</p>
1.2 Композициялар	<p>3.1.2.1 «Бауырсақ ертегісіне композиция құрастыру»; 3.1.2.2 матрешкалар дайындамасынан «Көңілді матрешкалар» композициясын құрастыру; 3.1.2.3«Балығы мен балдыры бар аквариум» барельефін мүсіндеу ; 3.1.2.4 «Карлығаштың күйрығы неге айыр?» қазақ ертегісінің кейіпкерлерін мүсіндеу және композиция құрастыру; 3.1.2.5 «Ормандағы ақшақар» композициясын құрастыру және мүсіндеу ; 3.1.2.6 шай ыдыстарынан композиция құрастыру: кесе, табақша, шай демдейтін шайнек, блюдо; 3.1.2.7 «Жайлаудағы Наурыз» композициясын құрастыру және мүсіндеу</p>
1.3 Жалпақ бұйымдар	<p>3.1.3.1 ермексаздан түрлі-түсті майда шариктерді мүсіндеу және оларды жануардың сұлбасы бойынша қойып шығу «Керік»; 3.1.3.2 баттастырып жағу тәсілімен төсемде қазақ оюын жасау «Қошқармүйіз» ; 3.1.3.3 ермексаздан жгутиктерді мүсіндеп «Гүл-жетітүсті» қойып шығу; 3.1.3.4 ермексаздан жгутиктерді мүсіндеп«тау пейзажін» қойып шығу</p>

«Құрастыру»

Бөлімше	Оқыту мақсаттары
2.1 Бөлшектердің кеңістікте орналасуы	3.2.1.1 Лего текшелерінен мәшине құрастыру «Жүк мәшинесі», «Фургон», «Жеңіл автомобиль»; 3.2.1.2 Лего текшелерінен гараж құрастыру; 3.2.1.3 Лего текшелерінен жиһаз құрастыру: «Төсек», «Диван», «Кресло»

Табиғи материалмен жұмыс

Бөлімше	Оқыту мақсаттары
3.1 Жалпақ бұйымдар	3.3.1.1 саяхат кезінде бұйымдарға табиғи материал жинау; 3.3.1.2 ермексаз баттастыра жағылған төсемге үйеңкі гүлдерінің сұлбасын түсіру; 3.3.1.3 ермексаз баттастыра жағылған төсемге ұлттық ою сұлбасын түсіру «Құсқанаты»: қауын, бұршақ дәндері, қарбыз дәні
3.2 Көлемді бұйымдар	3.3.2.1 грек, емен жаңғақтарынан «Аю» жабайы аң фигурасын дайындау; 3.3.2.2 көлемді табиғи материалдардан «Үкі» құс фигурасын грек емен жаңғақтарынан жасау; 3.3.2.3 үлгі бойынша «Аққу» құстың фигурасын емен жаңғағы мен жапырақтарынан жасау
3.3 Композиция	3.3.3.1 табиғи материалдардан «Көлдегі құстар» композициясын құрастыру

Қағаз және қатырмақағазбен жұмыс»

4.1 Жалпақ бұйымдар	<p>3.4.1.1 геометриялық фигуралардан «Менің мектебім» мозаикасын дайындау;</p> <p>3.4.1.2үлгі бойынша жолақ ішінде өсімдік оюын дайындау «Күз»;</p> <p>3.4.1.3төсемеге қағаз жолақтарынан жасалған гүлді жапсыру, кейін сабағын, жапырағын және сауытын жапсыру;</p> <p>3.4.1.4 геометриялық фигуралардан адам бейнесін жасау, құрастыру және жапсыру;</p> <p>3.4.1.5 қатырмақағаздан жалпақ шырша ойыншығын дайындау (көкөністер, жемістер, құстар фигурасын) бір жағын түрлі түсті қағазбен жапсыру;</p> <p>3.4.1.6 «Карнавалға арналған жаға» түрлі түсті қағаздан дайындау;</p> <p>3.4.1.7 «Бағдаршам» жалпақ моделін дайындау, құрастыру және жапсыру;</p> <p>3.4.1.8жұқа қатырмақағаздан конфигурациясы күрделі қазақтың ою-өрнегін дайындау «Сынық мүйіз»; 3.4.1.9 шаблон бойынша шаршы ішінде «Тарақ» оюын дайындау; 3.4.1.10 «Шай үстелі»панно дайындап құрастыру</p> <p>3.4.1.11 түрлі-түсті қатырмақағаздан «Пирамидка» мозаика қию және құрастыру</p>
4.2 Көлемді бұйымдар	<p>3.4.2.1 төртбұрышты қағазпарағынан үлгі бойынша үй жасау және қосымша бөлшектерді: терезе, есік, моржа;</p> <p>3.4.2.2(оригами сияқты) үлгі бойынша көлемді «Бейбіт көгершіні» ойыншығын дайындау;</p> <p>3.4.2.3қағаз жолақтарынан «Салпыншақ», «Тамшы»,«Қар ұшқыны», «Жүрекше» дайындау;</p> <p>3.4.2.4 карнавалға арналған «Қалпақ» дайындау,оны аппликациямен әшекейлеу;</p> <p>3.4.2.5 жаңа жылдық карнавалға арналған маскаларды шаблон бойынша дайындау;</p> <p>3.4.2.6 (оригами сияқты) үлгі бойынша көлемді «Шырша» бұйымын дайындау»;</p> <p>3.4.2.7 төртбұрышты қағаз парағынан үлгі бойынша автобус жасау және қосымша бөлшектерді: дөңгелек, терезе, есік;</p> <p>3.4.2.8 жұқа қатырмақағаздан және түрлі түсті қағаздан баскиім жасау «Тақия» және«Құс қанаты» өсімдік оюымен</p>

	<p>әшекейлеу;</p> <p>3.4.2.9 геометриялық фигуралардан гирлянда жасау «Жалауша»;</p> <p>3.4.2.10 қағаз жолақтарынан гирлянда дайындау «Сақиналар мен гүлдер»;</p> <p>3.4.2.11 (оригами сияқты) үлгі бойынша көлемді зат дайындау «Декоративті тәрелке»;</p> <p>3.4.2.12 (оригами сияқты) үлгі бойынша көлемді зат дайындау «кәмпит салатын ыдыс»;</p> <p>3.4.2.13 қағаз жолақтарынан гойыншық дайындау «Үйрек балапаны»;</p> <p>3.4.2.14 оригами сияқты көлемді ойыншық дайындау «Аққу»;</p> <p>3.4.2.15 ұзындығы әртүрлі ортасынан бүктелген қағаз жолақтарынан ойыншық жасау: «Ат»;</p> <p>3.4.2.16 ұзындығы әртүрлі ортасынан бүктелген қағаз жолақтарынан ойыншық жасау: «Ит»</p>
--	---

Жіппен және текстильді материалмен жұмыс»

Бөлімше	Оқыту мақсаттары
5.1 Көлемді бұйым	3.5.1.1 байлаулы шашақтардан қанқан бұтақшадағы жидектерді дайындау
5.2 Жалпақ бұйымдар	<p>3.5.2.1 кесу, қию құралдарымен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік ережесін сақтау; қажетті мөлшердегі жіпті қийып үйрету</p> <p>3.5.2.2 жіпті инеге сабақтау, жұмыс басында және соңында 1-2 тігіспен бекіту;</p> <p>3.5.2.3 «инеге жоғары-төмен» тәсілімен дайын тесіктер арқылы торкөзді қағазда тігу: Шаршы, Төртбұрыш. Кейін оны бояу;</p> <p>3.5.2.4 «инеге жоғары-төмен» тәсілімен дайын тесіктер арқылы сызықты қағазда тігу: Шеңбер, Сопақша. Кейін оны бояу;</p> <p>3.5.2.5 дайын тесіктер арқылы көкөністер мен жемістерді тігу, кейін оны бояу;</p> <p>3.5.2.6 жұқа қатырма қағазды «инеге жоғары-төмен» тәсілімен дайын тесіктер арқылы тігу. Бетбелгінің ұшын шашақпен әшекейлеу;</p> <p>3.5.2.7 мұғалім салған сурет бойынша және дайын тесіктер арқылы «Балта» қазақ оюын тігу, кейін оны бояу</p>

Бекітемін
2022 жылғы 31 тамыздағы
Педагогикалық кеңес отырысының
№1 хаттамасы
Л.Ершова
01.09.2022 ж.



Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 3 сынып үшін «Оқу және тіл дамыту» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде) 1 - тарау. Жалпы ережелер

Вода	Использование воды в быту, промышленности, сельском хозяйстве, для транспорта, отдыха и закаливания. Бережное отношение к воде в быту. Экскурсии: ознакомление с местными водными источниками.	6.1.2.10 приводить примеры использования воды в быту и хозяйстве человека
		6.1.2.11 рассказывать о способах бережного отношения к воде в быту
Воздух	Воздух – необходимое условие жизни. Значение кислорода и воздуха для дыхания растений, животных и человека. Применение кислорода в медицине.	6.1.3.1 объяснять значение воздуха для живых организмов
	Свойства воздуха: прозрачный, бесцветный, упругий. Использование упругости воздуха.	6.1.3.2 называть свойства воздуха: легкость, прозрачность, бесцветность, отсутствие постоянной формы, способность занимать место, упругость и сжимаемость воздуха; рассказывать об использовании свойств воздуха человеком
	Теплопроводность воздуха. Расширение воздуха при нагревании и сжатие при охлаждении.	6.1.3.3 называть источники нагревания воздуха в природе и в быту, рассказывать о движении теплого и холодного воздуха в помещении, о важности проветривания помещения
	Движение воздуха. Теплый воздух легче холодного, теплый воздух поднимается вверх, холодный – опускается вниз.	6.1.3.4 рассказывать о движении теплого и холодного воздуха в природе (ветер), о полезной работе ветра в природе
		6.1.3.5 называть причины стихийных бедствий, понимать значение прогноза погоды
	Состав: кислород, углекислый газ, азот. Кислород, его свойство поддерживать горение.	6.1.3.6 называть состав воздуха (смесь газов: азот, кислород, углекислый газ)
6.1.3.7 называть свойство кислорода поддерживать горение и свойство углекислого газа не поддерживать горение		

	Углекислый газ и его свойство не поддерживать горение. Применение углекислого газа при тушении пожара.	6.1.3.8 называть варианты применения углекислого газа в повседневной жизни (сухой лед, газированные напитки, огнетушитель)
	Примеси в воздухе (водяной пар, дым, пыль).	6.1.3.9 называть примеси в воздухе (водяной пар, пыль, частицы пепла, сажи)
3 четверть		
Воздух	Чистый и загрязненный воздух. Необходимость охраны воздуха от загрязнения. Полеты человека в воздухе. Освоение космоса.	6.1.3.10 называть источники загрязнения воздуха; понимать важность борьбы за его чистоту
Полезные ископаемые	Разнообразие полезных ископаемых (твердые, газообразные). Богатство Казахстана полезными ископаемыми. Экскурсии в краеведческий музей.	6.1.4.1 называть разновидности полезных ископаемых, способы их добычи
		6.1.4.2 рассказывать о значении полезных ископаемых для человека, профессии геолога
	Полезные ископаемые, используемые в качестве строительных материалов: гранит, известняк, песок, глина.	6.1.4.3 называть полезные ископаемые, используемые в строительстве (гранит, известняки, глина, песок), их свойства, способы добычи, способы использования, месторождения в Казахстане
		6.1.4.4 называть крупные предприятия и заводы Казахстана по производству стекла, кирпича и керамики
	Горючие полезные ископаемые: торф, каменный уголь, нефть и природный газ.	6.1.4.5 называть горючие полезные ископаемые (торф, каменный уголь, нефть, природный газ), рассказывать о внешнем виде и свойствах, способах добычи, способах использования. Внешний вид и свойства. Способы добычи и использование. Опасность возгорания. Профессии шахтера, нефтяника
		6.1.4.6 знать об опасности возгорания горючих полезных ископаемых
		6.1.4.7 называть крупнейшие месторождения горючих полезных ископаемых в Казахстане
		6.1.4.8 узнавать и называть калийную соль по внешнему виду, рассказывать об ее свойствах. Места и способы добычи в Казахстане. Использование калийной соли
	Полезные ископаемые, которые используются при получении минеральных удобрений: калийная соль и фосфаты	6.1.4.9 называть места и способы добычи калийной соли в Казахстане
		6.1.4.10 называть полезные ископаемые,

		которые используются для получения минеральных удобрений: (калийная соль, фосфориты), рассказывать об их внешнем виде, свойствах, образовании, способах добычи в Казахстане, правилах безопасного обращения с удобрениями
	Полезные ископаемые, используемые для получения металлов: железная и медная руды.	6.1.4.11 называть полезные ископаемые, используемые для получения металлов (железные и медные руды), их внешний вид и свойства
		6.1.4.12 рассказывать о получении черных и цветных металлов, сплавов из металлических руд (чугуна, стали)
4 четверть		
Полезные ископаемые	Полезные ископаемые, используемые для получения металлов: железная и медная руды.	6.1.4.11 называть полезные ископаемые, используемые для получения металлов (железные и медные руды), их внешний вид и свойства
		6.1.4.12 рассказывать о получении черных и цветных металлов, сплавов из металлических руд (чугуна, стали, меди, алюминия)
		6.1.4.13 приводить примеры использования металлов и сплавов человеком; рассказывать о свойствах и качестве металлических изделий
Почва	Образование, состав почвы. Минеральная и органическая части почвы.	6.1.5.1 определять почву как верхний, плодородный слой земли
		6.1.5.2 называть состав почвы: глина, песок, минеральные соли, вода, воздух и ее главную часть – перегной
	Песчаные и глиняные почвы. Опыты: выделение воздуха из воды и почвы. Выделение песка и глины.	6.1.5.3 давать характеристику песчаным и глинистым почвам; сравнивать их по водным свойствам: способность впитывать воду, пропускать ее и удерживать
		6.1.5.4 понимать, что плодородие почвы – это необходимое условие для жизни растений
	Основное свойство почвы – плодородие.	6.1.5.5 называть приемы обработки почвы (вспашка, боронование), узнавать и называть сельскохозяйственные машины для обработки почвы
		6.1.5.6 называть и соблюдать правила гигиены в процессе обработки почвы
	Местные типы почв. Экскурсии к местам образования почвенных обнажений.	6.1.5.7 давать характеристику оврагу; рассказывать об их образовании, называть меры борьбы с оврагами
		6.1.5.8 давать характеристику почвам

		Казахстана и рассказывать об их использовании
		6.1.5.9 называть экологические проблемы, связанные с загрязнением почвы и пути их решения

2) 7

класс:

таблица 2

Подразделы	Темы/содержание	Цели обучения
1 четверть		
2.1 Значение растений и их охрана	Общее понятие об органах цветкового растения. Экскурсии: в ботанический сад или парк	7.2.1.1 иметь представление о многообразии растительного мира; понимать, что растения - составная часть живой природы
		7.2.1.2 рассказывать о значении растений на Земле
		7.2.1.3 рассказывать и применять разные способы охраны растений
2.2 Растение – живой организм	Общее знакомство с цветковыми растениями. Цветок, семя, корень, лист, стебель, растение – целостный организм.	7.2.2.1 показывать и называть подземные и наземные органы цветкового растения: корень, стебель, лист, цветок, плод (на примере растения, цветущего осенью)
		7.2.2.2 иметь представление о строение цветка
	Цветок. Лабораторная работа: органы цветкового растения; строение цветка	7.2.2.3 узнавать и различать соцветия (кисть, зонтик, колос, початок, корзинка)
		7.2.2.4 понимать значение опыления цветковых растений, знать способы опыления, иметь понятие о пустоцветах
		Семя. Строение семени фасоли; строение зерновки пшеницы
	7.2.2.6 рассказывать о строении семени двудольных растений (на примере фасоли)	
	7.2.2.7 рассказывать о строении семени однодольных растений (на примере пшеницы)	
	Условия прорастания семян. Практические работы: определение всхожести семян,	7.2.2.8 понимать, какие условия, необходимы для прорастания семян
		7.2.2.9 различать семена всхожие и невсхожие
		7.2.2.10 знать агротехнику посева семян (сроки, глубина заделки в почву)
	Корень	7.2.2.11 объяснять значение корня, рассказывать о его строении и развитии. Его строение. Корневые волоски
		7.2.2.12 объяснять роль корневых волосков

		7.2.2.13 узнавать и называть виды корневых систем (стержневая, мочковатая)
		7.2.2.14 узнавать и называть видоизмененные корни (корнеплод, корнеклубень)
	Лист. Образование крахмала в листьях на свету; испарение воды листьями; дыхание растений. Сбор коллекции опавших листьев.	7.2.2.15 рассказывать о внешнем строении листа
		7.2.2.16 различать листья простые и сложные
		7.2.2.17 иметь представление о хлорофилле
		7.2.2.18 объяснять значение листьев в жизни растения – образование питательных веществ в листьях на свету
		7.2.2.19 объяснять значение испарения воды листьями.
		7.2.2.20 объяснять значение листопада
2-четверть		
2.2 Растение – живой организм	Стебель. Передвижение минеральных веществ и воды по древесине.	7.2.2.21 рассказывать о внутреннем строении и значении деревянного стебля, роли коры, камбия
		7.2.2.22 понимать значение годичных колец
		7.2.2.23 различать разновидности стеблей (прямостоячий, вьющийся, цепляющийся, стелющийся, укороченный)
		7.2.2.24 иметь понятие о видоизмененных побегах (надземных и подземных): корневище, клубень, луковица, их биологической и практической роли
	Вегетативное размножение растений	7.2.2.25 иметь представление о вегетативном размножении растений;
		7.2.2.26 понимать взаимосвязь растительного организма со средой обитания
2.3 Бактерии, грибы, мхи и папоротники	Многообразие растительного мира: бактерии, грибы, мхи и папоротники. Места произрастания.	7.2.3.1 иметь общее понятие о бактериях: размножении и распространении, значении в природе и жизни человека
		7.2.3.2 знать строение шляпочного гриба: плодовое тело, грибница; различать грибы съедобные и ядовитые; знать и выполнять правила сбора грибов
		7.2.3.3 иметь понятие о мхе, как о многолетнем споровом растении
		7.2.3.4 называть места произрастания мхов; рассказывать об образовании торфа и его использовании
		7.2.3.5 рассказывать об особенностях строения, местах произрастания папоротников
2.4	Лиственные растения	7.2.4.1 узнавать и называть лиственные

Древесные растения Казахстана	лесостепи Казахстана	растения лесостепи Казахстана: береза, осина; называть особенности внешнего строения, понимать значение в природе и жизни человека
	Хвойные растения гор Казахстана,	7.2.4.2 узнавать и называть хвойные растения гор Казахстана: сосна, ель; называть особенности внешнего строения, понимать значение в природе и жизни человека
	Кустарниковые растения гор Казахстана	7.2.4.3 узнавать и называть кустарниковые растения гор Казахстана: облепиха, шиповник; называть особенности внешнего строения понимать значение в природе и жизни человека
	Плодовые растения Казахстана	7.2.4.4 узнавать и называть плодовые растения Казахстана: яблоня, груша
3 четверть		
2.4 Древесные растения Казахстана	Плодовые растения Казахстана	7.2.4.4 узнавать и называть плодовые растения Казахстана: слива, абрикос, грецкий орех; называть особенности строения; знать и уметь собирать созревшие плоды
	Древесные растения пустынь	7.2.4.5 узнавать и называть древесные растения пустынной зоны Казахстана: белый и черный саксаул; называть особенности внешнего строения; понимать значение в природе и жизни человека; рассказывать об использовании древесины различных деревьев, охране деревьев
2.5 Культурные растения Казахстана	Лилейные растения. Выращивание, посев, уход, уборка, использование человеком.	7.2.5.1 узнавать и называть лилейные: лук, чеснок – многолетние овощные растения; знать особенности размножения и выращивания, способы использования человеком
	Пасленовые растения. Выращивание, посев, уход, уборка, использование человеком.	7.2.5.2 узнавать и называть пасленовые: картофель, томат, баклажан, перец; знать особенности выращивания: посев, уход, уборка; способы использования человеком
	Бобовые растения. Выращивание, посев, уход, уборка, использование человеком.	7.2.5.3 узнавать и называть бобовые: горох, фасоль, соя; знать особенности выращивания: посев, уход, уборка; способы использования человеком
	Маревые растения. Выращивание, посев, уход, уборка, использование человеком.	7.2.5.4 узнавать и называть маревые: свекла столовая, знать особенности выращивания: посев, уход, уборка; способы использования человеком
	Тыквенные растения. Выращивание, посев, уход, уборка, использование человеком.	7.2.5.5 узнавать и называть тыквенные: огурец, тыква; знать особенности выращивания: посев, уход, уборка; особенности использования человеком

	Крестоцветные растения. Выращивание, посев, уход, уборка, использование человеком	7.2.5.6 узнавать и называть крестоцветные: капуста; знать разновидности капусты, знать особенности выращивания, способы использования человеком
2.6 Сельскохозяйственные растения Казахстана	Зерновые культуры. Выращивание, посев, уход, уборка, использование.	7.2.6.1 узнавать и называть зерновые культуры: пшеница, рожь, ячмень, овес, кукуруза; знать особенности их строения (корневая система, стебель, лист, соцветие)
		7.2.6.2 называть условия получения урожая зерновых культур; особенности использования в хозяйстве
4-четверть		
2.6 Сельскохозяйственные растения Казахстана	Бахчевые культуры. Выращивание, посев, уход, уборка, использование	7.2.6.3 узнавать и называть бахчевые культуры: арбуз, дыня; знать особенности выращивания в условиях Казахстана, использование человеком
	Технические культуры. Выращивание, посев, уход, уборка, использование	7.2.6.4 узнавать и называть технические культуры: сахарная свекла, хлопчатник, подсолнечник; знать особенности выращивания, использование человеком
2.7 Травянистые растения Казахстана	Растения сада, травянистые растения Казахстана, лекарственные растения, ядовитые травы	7.2.7.1 узнавать и называть лекарственные растения; знать способы использования в быту
		7.2.7.2 узнавать и называть ядовитые травы; знать и придерживаться правил безопасного обращения с ядовитыми растениями
2.8 Цветочно-декоративные растения	Сложноцветные, комнатные растения. Практические работы: работа по пересадке комнатных растений. Рыхление и прополка в саду и на участке	7.2.8.1 узнавать и называть сложноцветные: ноготки, бархатцы, петуния – однолетние цветочные растения, маргаритка – двулетнее растение, георгин – многолетнее цветочное растение; знать особенности внешнего строения и выращивания этих растений
		7.2.8.2 иметь общие сведения о комнатных растениях, особенностях их размножения и выращивания; уметь размножить вегетативным путем и ухаживать за ними

Бекітемін
2022 жылғы 31 тамыздағы
Педагогикалық кеңес отырысының
№1 хаттамасы
Л.Ершова
01.09.2022 ж.



Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған
6-сыныптары үшін «Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік
оқубағдарламасы (оқыту қазақ тілінде емес)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған 5-10 сыныптары үшін «Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 6) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. «Қазақ тілі» пәнінің негізгі мақсаты – қарым-қатынас құралы ретінде қазақ тілін меңгерудің қарапайым дағдыларын қалыптастыру, сөйлеу этикетінің ережелеріне және сөздік қызметінде лингвистикалық бірліктерді пайдалану нормаларына сәйкес сөйлеу әрекетінің түрлеріне (тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылым) оқыту.

3. «Қазақ тілі» пәнінің оқыту міндеттері:

1) әлеуметтік-тұрмыстық және оқу жағдайында қарым-қатынасқа түсуге қажетті тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдыларын дамыту;

2) сөйлеу тілінің фонетикалық жағын дамыту: қазақ тіліндегі дыбыстарды жеке, сөзде, сөйлемде дұрыс айтуға дағдыландыру; қазақ тіліне тән үндестік заңын практикалық түрде игеру, жуан, жіңішке дыбыстарды ажырата білу;

3) сөздік қорын дамыту: сөздік қорын заттың атын, сынын, қимылын білдіретін сөздермен толықтыру, молайту; жаңа сөздердің мағынасын түсіну, мағынасы бойынша топтастыру; сөздік қорын молайтуда аударма және түсіндірме сөздіктерді пайдалана білуге үйрету;

4) қазақ тілінің грамматикасы туралы білімдерін қалыптастыру; қазақ тілінің нормалары мен ережелеріне сәйкес сөйлемдерді синтаксистік дұрыс құру дағдыларын қалыптастыру;

5) байланыстырып сөйлеуін дамыту: диалогтік және монологтік сөйлеу

(ауызекі, жазбаша тіл) дағдыларын қалыптастыру;

- 1) қол жетімді мәтінді дұрыс және мұқият оқу дағдыларын қалыптастыру;
- 2) тілдің дыбыстық құрамын меңгеру, грамматика және емле туралы қарапайым ақпарат негізінде сауатты жазу дағдыларын дамыту;
- 3) білім алушылардың жалпы танымдық процестерін, интернационалдық, патриоттық, Отанға деген сүйіспеншілік сезімдерін қалыптастыру, ой-өрісін, зейінін, есте сақтауын, сөйлеу белсенділігін дамыту;
- 4) әртүрлі халықтардың тілі мен мәдениетіне төзімділік көзқарас қалыптастыру.

1. Екінші тілге оқыту үшін жеңіл ақыл-ой кемістігі бар балаларды оқыту қоршаған ортамен таныстыру, математика, әлеуметтік-тұрмыстық бағдар, кәсіби-еңбекке дайындық пәндерімен тығыз байланыста бірыңғай қазақ тілі сабағы өткізіледі.

2-тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер

2. Оқу процесін ұйымдастыруға арналған педагогикалық тәсілдердің іске асырылуы жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың арнайы оқу қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған арнайы білім беру принциптеріне негізделген:

1) жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды оқытудың түзеу-дамытушылық бағыты, оның ерекше білім беру қажеттіліктері ескеріле отырып, оқу ісінің арнайы тәсілдері және әдістері арқылы жүзеге асырылады;

2) оқытудың әлеуметтік-бейімдеу бағыты тұлғаның бейімделмеушілігін жеңу немесе азайтуды білдіреді; білім алушылардың әлеуметтік өмірге қатысулары үшін қажетті тәртіп пен өмірлік нормаларының меңгерілуі бойынша арнайы жұмыстар қарастырылады;

3) әрекеттік ықпал ету принципі: оқыту барысында педагогтың басшылығымен заттық-практикалық, ізденушілік әрекеттер кең қолданылады, бұл оқу материалын түсінуге жағдайлар жасайды; заттық-практикалық әрекет жоғарғы психикалық функцияларының сенсомоторлық негізін дамытуға (қабылдауы, тілі, ойлау қабілеті), оқушылардың өмірлік тәжірибесінің жеткіліксіздігінің орнын толықтыруға, жалпы білім беру пәндері бойынша білімдер мен дағдыларды меңгерулеріне мүмкіндік береді;

4) ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға саралап және даралап ықпал ету білім алушылардың жастарына, дене болмысына, психологиялық жағдайына, зиятының ерекшеліктеріне қарай, танымдың қабілетін есепке ала отырып және қосымша кемістіктеріне негізделіп бөлінетін 4 типологиялық топты құрайтын педагогикалық жіктелу негізінде іске асырылады (В.В.Воронкова бойынша). Әрбір типологиялық топ үшін педагог олардың мүмкіндіктеріне сәйкес қолжетімді күрделілік пен көлемін ескере отырып, оқу материалының мазмұнын таңдап алады; оқу жұмысының қарқыны,

оқушылардың дербестігі, оқыту тәсілдері мен әдістері түрлендіріледі. Білім алушылардың топтарға бөлінуі шартты және қозғалмалы. Жіктемелі тәсіл оқытудың жекеленуімен толықтырылады;

5) оқытудың практикалық бағыттылығы оқылатын материал мен білім алушылардың практикалық әрекетімен арасындағы өзара тығыз байланысты анықтауды, практикалық-бағдарлық міндеттерді шешу үшін маңызды білім мен біліктерді қалыптастыруды білдіреді;

6) коммуникативтік тәсіл – ақпаратты беру және хабарлау, тілдік қатынас барысында білімдерімен, қабілеттерімен және дағдыларымен алмасу; тіл арқылы қатынас жасау қабілеттілігі оқыту нәтижесі болып табылады;

7) арнайы педагогикалық басшылық ету принципі. Ақыл-ой кемістігі бар, әсіресе 3 және 4-типологиялық топтағы оқушылар, оқу міндетін ойдағыдай жүзеге асыруды қамтамасыз ету үшін үнемі жүйелі педагогтің қолдауын талап етеді: білім алушының танымдық мүмкіндіктерін, оқытудың арнайы әдістемелерін біле отырып, оқушының танымдық-оқу әрекетін ұйымдастырып бағыттайды.

3. Сынып бөлмесіндегі жиһаз жеке, жұп немесе топ ішіндегі жұмыс түрлерін ұйымдастыруға ыңғайлы болуы үшін қозғалмалы болғаны дұрыс.

4. Қазақ тілі сабағында білім алушылардың тілін дамыту үшін көрнекіліктерді (салыстырма мазмұнды кестелер, заттық суреттер, кітап бетіндегі жаңа суреттер, сюжетті суреттер, сериялы суреттер, картиналық лотолар, картиналық сөздіктер) тиімді пайдалану сөздік қорды молайтып, жалпы сабақты меңгеруге көмектеседі, білім алушылардың қызығушылығын арттырады;

5. Білім алушылардың коммуникативтік дағдыларын дамыту үшін мұғалімдер түрлі педагогикалық тәсілдер мен технологияларды кеңінен қолдана алады:

1) ақпараттық-коммуникациялық технологияларды тиімді қолдану арқылы білім алушылардың қазақ тіліне деген қызығушылығын арттыру;

2) ойын технологиясын қолдану;

3) тәжірибелік және ойлау іс-әрекеттерін сөзбен сүйемелдеу;

4) әртүрлі электронды жабдықтарды (принтер, сканер, слайдтарды) пайдалану.

6. Білім алушылардың ауызша сөйлеу тілі мен оқу техникасы сабақтан тыс оқу кезінде жетілдіріледі; ауызша сөйлеу тілін дамыту күнделікті өмірде әртүрлі әрекеттерде: тұрмыстық, еңбек, ойын әрекеттерінде жүзеге асырылады.

3-тарау. «Қазақ тілі» оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

7. «Қазақ тілі» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 6-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 36 сағатты құрайды.

8. Оқу пәнінің мазмұны:

1) жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған арнайы бағдарлама концентрлік жүйе бойынша құрастырылған, яғни өткен тақырыптар қайталанып, тереңдетіліп кеңейтіліп, білім алушылардың білімі жүйеленіп отырады;

2) білім алушылардың өзіне тән қабілет, мүмкіндіктеріне қарай

мұғалімдер оқу материалдарын білімалушының қабылдау деңгейіне байланысты жеңілдетіп беруге мұқтаж болады;

3) сыныптағы білім алушылардың мүмкіндіктерімен ерекше оқыту қажеттілігіне байланысты тақырыпты меңгеруге қажет сағат санын мұғалім өзі анықтап, жоспарлайды.

9. «Қазақ тілі» пәнінің мазмұны келесі бөлімдерді қамтиды:

- 1) 1-бөлім «Тыңдалым»;
- 2) 2-бөлім «Айтылым»;
- 3) 3-бөлім «Оқылым»;
- 4) 4-бөлім «Жазылым»;
- 5) 5-бөлім «Тілдік бағдар беру».

10. «Тыңдалым» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсіну;
- 2) әртүрлі жанрдағы мәтіндерді түсіну;
- 3) тыңдалым материалдары бойынша жауап беру.

11. «Айтылым» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) қарым-қатынастық дағдыларын дамыту;
- 2) қазақ тілі этикасын сақтап, сөйлеу мәдениетін меңгеру;
- 3) диалогті дамыту;
- 4) байланыстырып сөйлеу;
- 5) сенімді және еркін жауап беру.

12. «Оқылым» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) оқу жұмыстарын әртүрлі формада ұсыну;
- 2) әртүрлі ресурс көздерінен қажетті ақпарат алу;
- 3) оқылым стратегияларын қолдану.

13. «Жазылым» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс жаза білу;
- 2) жазба жұмыстарын әртүрлі формада ұсыну;
- 3) іскерлік хат;
- 4) орфографиялық және пунктуациялық ережелерді сақтау.

14. «Тілдік бағдар» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

- 1) жаңа сөздердің, омоним, синоним, антоним сөздерінің, сөз тіркестерінің мағынасын түсіну;
- 2) дыбыстар, буындар; тасымал;
- 3) түбір мен қосымша; сөз таптары;
- 4) сөйлем.

15. 6-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» оқу пәнінің базалық білім мазмұны:

1) тыңдалым: мәтіннің негізгі мағынасын түсіну; басты кейіпкерді сипаттайтын, оған қатысты сөйлемдерді (өз бетімен немесе мұғалімнің көмегімен) тауып түсіндіру; аудио таспаға жазылған шағын мәтіннен таныс сөздерді естіп, айту, аудару; сұраққа өздігінен жауап беру;

2) айтылым: мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру арқылы әңгімелесу; күн тәртібіне байланысты іс-әрекеттер бойынша «не істеп отырсың? не істедің? не істейсің? қашан? қайдан? неше? нешеде? кіммен? немен?» деген сұрақтарға үлгілерді пайдаланып сөйлесу; таныс заттардың басты белгілерін анықтап, сипаттау; берілген үлгілер, сызбалар бойынша монологтік сөйлеу құрау; бөгде адамдармен қарым-қатынасқа түсу мәдениетін

білу; берілген үлгілер, сызбалар, сюжетті-рөлдік ойындар арқылы диалогтік сөйлеу құру; сурет, ілеспелі сурет, іс-әрекет бойынша қысқа әңгіме құрастыру; ретсіз берілген сөздерден сөйлем құрастыру; сұраққа толық жауап беру, жауапты кеңейту;

3) оқылым: әдеби сөйлеу нормаларын сақтай отырып мәтінді жүгіртіп дұрыс, саналы түрде дауыстап оқу; шағын ертегі, тақпақ, мәтіндерді мәнерлеп, дұрыс, интонациясын сақтап, тыныс белгілеріне тоқтап оқу, негізгі мазмұнын түсіну; шығарманың және оның бөліктерінің негізгі ойын анықтау; шығарманың басты кейіпкерлерінің мінезіндегі ерекшеліктерін анықтау; түсініксіз сөздерді анықтау, мағынасы ұқсас, қарама-қарсы сөздерді іріктеу, ойлау; сөздікті пайдалану; мұғалімнің сұрақтары арқылы оқылған мәтіннің мазмұнын талдау; мәтінді бөліктерге бөлу; оңай тақпақты жаттау; мұғалімнің көмегімен балаларға арналған газет-журналдардан қажетті ақпаратты ала білу; оқылым стратегияларын қолдану;

4) жазылым: жуан, жіңішке дауысты дыбыстар; қатаң, ұяң, үнді дауыссыздар. Ң дыбысы, ң-н дыбыстарын салыстыру. Қ-ғ дыбыстарын өзара салыстыру; сөздерді буынға бөліп жазу; сұрақ, сурет бойынша құрастырған сөйлемді ережелерді сақтап жазу; шағын көлемді мәтінді өтілген ережелерді сақтап көшіріп жазу; сөздік диктант, шағын сөзден (5-8 сөз) құралған диктант жазу; досына хат, конвертке мекенжайын жазу; орфографиялық және пунктуациялық ережелерді сақтау (зат есімнің көпше түрінің жұрнақтарын дұрыс жазу; сөйлем соңында қойылатын тыныс белгілерді орынды қолдану).

5) тілдік бағдар: мәтіндегі жаңа сөздерді тауып, мағынасын түсіну; сөздердің тура және ауыспалы мағыналарын түсіну, ажырату; дауыссыз дыбыстардың дыбыс ерекшеліктеріне сәйкес дұрыс айту; дауыссыз дыбыстардың түрлерін жіктеп, дұрыс айту; ұқсас дыбыстарды бір-бірімен салыстыру, ажырату; көптік, жіктік жалғауларды тану, ажырату; жіктік жалғауды тану, ажырату; сөз құрамын талдау, негізгі және туынды түбірді ажырату; етістікті жіктеу; есімдікті, есімдік түрлерін білу, ажырату; зат есімнің анықтамасын, сұрақтарын білу; зат есімнің көпше түрінің жұрнақтарын дұрыс айту; тәуелдік, жіктік жалғауларды ажырату; етістікті жіктеу; есімдік, есімдік түрлерімен танысу, ажырату; хабарлы сөйлемдерді мағынасына қарай сұраулы және лепті сөйлемдерге айналдыруды білу.

4-тарау. Оқыту мақсаттарының жүйесі

16. Бағдарламаның мазмұны бөлім бойынша ұйымдастырылған. Бағдарламада оқу мақсаттары төрт саннан тұратын кодтық белгімен белгіленді. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сан сөйлеу әрекеттерінің ретін, төртінші сан оқу мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 5.5.1.1. кодында «5» – сынып; «5.1» – дағдылар; «1» – оқу мақсатының реттік нөмірі.

17. Оқыту мақсаттары бойынша күтілетін нәтижелер:

1) тыңдалым:

1-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары
	6-сынып
1.1 сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсіну	6.1.1.1 аудио-таспаға жазылған таныс сөздер мен сөз тіркестерін естіп, айту, аудару
1.2 әртүрлі жанрдағы мәтіндерді түсіну;	6.1.2.1 мәтіннің негізгі мағынасын түсіну; 6.1.2.2 басты кейіпкерді сипаттайтын, оған қатысты абзацтарды (өздігінен немесе мұғалімнің көмегімен) тауып түсіндіру; 6.1.2.3 аудио таспаға жазылған шағын мәтіннен таныс сөздерді естіп, айту, аудару
1.3 тыңдалым материалдары бойынша жауап беру	6.1.3.1 сұраққа өздігінен жауап беру 6.1.3.2 сұраққа өздігінен жауап бергенде, мәтіндегі жаңа сөздерді қолдану

2) айтылым:

2-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары
	6-сынып
2.1 қарым-қатынастық дағдыларын дамыту	6.2.1.1 мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру арқылы әңгімелесу; 6.2.1.2 сурет бойынша әңгімелесу; 6.2.1.3 күн тәртібіне байланысты іс-әрекеттер бойынша не істеп отырсың? не істедің? Не істейсің? қашан? қайдан? неше? нешеде? кіммен? немен? деген сұрақтарға үлгілерді пайдаланып сөйлесу; 6.2.1.4 таныс заттардың басты белгілерін анықтап, сипаттау; 6.2.1.5 берілген үлгілер, сызбалар бойынша монологтік сөйлеуін дамыту;
2.2 қазақ тілі этикасын сақтап, сөйлеу мәдениетін меңгеру;	6.2.2.1 мектепте, сыныпта, асханада өзін ұстау ережелерін білу, орындау; 6.2.2.2 бөгде адамдармен қарым-қатынасқа түсу мәдениетін білу;
2.3 диалогті дамыту;	6.2.3.1 берілген үлгілер, сызбалар бойынша диалогтік сөйлеуін дамыту; 6.1.3.2 сюжетті-рөлдік ойындар арқылы диалогтік сөйлеуін дамыту;
2.4 байлан ыстырып	6.2.4.1 сурет, ілеспелі сурет бойынша қысқа

сөйлеу;	<p>әңгіме құрастыру;</p> <p>6.2.4.2 іс-әрекет бойынша қысқа әңгіме құрастыру;</p> <p>6.2.4.3 ауызша сөйлеу тілінде тақырыпты ар бойынша меңгерген жаңа сөздерді белсенді қолдану;</p> <p>6.2.4.4 ретсіз берілген сөздерден сөйлем құрастыру;</p>
2.5 сенімді және еркін жауап беру	<p>6.2.5.1 сұраққа толық жауап беру, жауапты кеңейту;</p> <p>6.2.5.2 сұраққа өздігінен жауап беру;</p> <p>6.2.5.3 сұраққа өздігінен жауап бергенде мәтіндегі жаңа сөздерді қолдану</p>

3) оқылым:

3-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары
	6-сынып
3.1 оқу жұмыс тарын әртүрлі формада ұсыну;	<p>6.3.1.1 әдеби сөйлеу нормаларын сақтай отырып мәтінді жүгіртіп дұрыс, саналы түрде дауыстап оқу;</p> <p>6.3.1.2 шағын ертегі, тақпақ, мәтіндерді мәнерлеп, дұрыс, интонациясын сақтап, тыныс белгілеріне тоқтап оқып, негізгі мазмұнын түсіну;</p> <p>6.3.1.3 шығарманың және оның бөліктерінің негізгі ойын анықтау;</p> <p>6.3.1.4 шығарманың басты кейіпкерлерінің мінезіндегі ерекшеліктерін анықтау;</p> <p>6.3.1.5 мұғалімнің сұрақтары арқылы оқылған мәтіннің мазмұнын талдау;</p> <p>6.3.1.6 түсініксіз сөздерді анықтау, мағынасын ұқсас, қарама-қарсы сөздерді іріктеу, ойлау; сөздікті пайдалану;</p>
3.2 әртүрлі ресурстармен қажетті ақпарат алу;	6.3.2.1 мұғалімнің көмегімен балаларға арналған газет-журналдардан қажетті ақпаратты ала білу;
3.3 оқылым стратегияларын қолдану;	<p>6.3.3.1 сөздерді тұтас дауыстап оқу;</p> <p>6.3.3.2 мәтінді бөліктерге бөлу;</p> <p>6.3.3.3 оңай тақпақты жаттау;</p> <p>6.3.3.4 іштей оқу</p>

4) жазылы

м:

4-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары
	6-сынып
4.1 қазақ тіліне тән дыбыстардың әріп таңбасын дұрыс жаза білу	<p>6.4.1.1 ә дыбысы бар сөздерді дұрыс айтып, қатесіз жазуға үйрету;</p> <p>6.4.1.2 о-ө дыбыстар ын таңбалай білу.Салыстыру.Естіп ажырату;</p> <p>6.4.1.3 құрамында н-ң дыбыстар ы бар сөздерді атау, оқу, жазу, есте сақтау;</p> <p>6.4.1.4 қ-ғ дыбыстар ын өзара салыстыр у;</p> <p>6.4.1.5 қ,ғ дыбыстар ы бар сөздерді дұрыс айтып, қатесіз жазуға үйрету;</p> <p>6.4.1.6 сөздерді буынға бөліп жазу;</p>
4.2 Жазба жұмыстарын әртүрлі формада ұсыну;	<p>6.4.2.1 алдын ала талданған;2-3 сөйлемді ережелер ді сақтап жазу;</p> <p>6.4.2.2 сурет бойынша құрастыр ған сөйлемді ережелер ді сақтап жазу;</p> <p>6.4.1.3 шағын көлемді мәтінді өтілген ережелерді сақтап көшіріп жазу;</p> <p>6.4.2.4 сөздік диктант жазу;</p> <p>6.4.2.5 шағын сөзден (5-8сөз) құралған диктант жазу;</p>
4.3 іскерлік хат;	<p>6.4.3.1 досына хат, конвертке мекен-жай ын жазу;</p> <p>6.4.4.1 зат есімнің көптік жалғауларын дұрыс жазу;</p> <p>6.4.4.2 сөйлем соңында қойылаты н тыныс белгілерді орынды қолдану;</p>

5) тілдік бағдар:

5-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары
	6-сынып

5.1 сөздердің, сөз тіркестерінің мағынсын түсіну	6.5.1.1 мәтіндегі жаңа сөздерді тауып, мағынасын түсіну; 6.5.1.2 сөздердің тура және ауыспалы мағыналарын түсіну, ажырату; 6.5.1.3 есімдік сөздердің мағынасын түсіну
5.2 Дыбыстар,буындар;	6.5.2.1 дауыссыз дыбыстардың дыбыс ерекшеліктеріне сәйкес дұрыс айтуға үйрету; 6.5.2.2 дауыссыз дыбыстардың түрлерін ажыратып,дұрыс айтуын жетілдіру; 6.5.2.3 ұқсас дыбыстарды бір-бірімен салыстыру,ажырату
5.3 Түбір мен қосымша; сөз таптары;	6.5.3.1 негізгі және туынды түбір сөздерді білу және ажырату; 6.5.3.2 зат есімнің көптік жалғауларын дұрыс айту; 6.5.3.3 тәуелдік жалғауды тану, ажырату; 6.5.3.4 сөз құрамы, негізгі және туынды түбірді ажырату; 6. 5.3.5 есімдіктің түрлерін ажырату; 6. 5.3.6 жалқы және жалпы зат есімдерді танып білу;
5.4 Сөйлем	6.5.4.1 жай сөйлем құрастырып айту, аудару; 6.5.4.2 хабарлы сөйлемдерді мағынасына қарай сұраулы және лепті сөйлемдерге айналдыру дағдыларын жетілдіру

18. Осы Бағдарлама жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған 5-10 сыныптардағы «Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының ұзақ мерзімді жоспары негізінде осы Бағдарламаның қосымшасына сәйкес жүзеге асырылады. Ұзақ мерзімді жоспарда барлық сынып бойынша әр бөлімде қамтылатын оқу мақсаттарының көлемі белгіленген.
19. Бөлімдер мен тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.



**Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған бастауыш
білім беру деңгейінің 3 сынып үшін «Қазақ тілі» пәнінен
жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 2-4 сыныптары үшін «Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 6) тармақшасына сәйкес әзірленген. 2. Бағдарлама мақсаты – білім алушылардың күнделікті тұрмысқа, оқуға қатысты ауызекі сөйлесу, түсіну, өз ойын қазақ тілінде жеткізе білу дағдыларын дамыту және әлеуметтік ортада қарым-қатынас жасауға қажетті сөйлеу дағдыларын қалыптастыру. 3. Бағдарлама міндеттері: 1) қазақ тілінде айтылым, тыңдалым, оқылым, жазылым дағдыларын қалыптастыру; 2) қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуын, ажыратуын қалыптастыру; 3) ауызша және жазбаша сөйлеуде коммуникативтік дағдыларын дамыту; 4) қазақ тілінде дұрыс оқып, мағынасын түсінуге үйрету; 5) қазақ тілінің қарапайым орфографиялық және пунктуациялық ережелерін меңгерту; 6) қазақ халқына және мемлекеттік тілге деген құрмет сезімін қалыптастыру. 4. Түзете-дамыту міндеттері: 1) білім алушылардың ақыл-ой және сөйлеу тілінің дамуына ықпал ету, тапымдық іс-әрекетінің жетіспеушіліктерін жеңу; 2) сөз байлығын дамыту, жетілдіру; 3) дербестікті, ұқыптылықты, жауапкершілікті дамыту. 2-тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер 5. Оқу процесін ұйымдастыруға арналған педагогикалық тәсілдерінің іске асырылуы білім алушылардың арнайы оқу қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған. 6. Компенсаторлық-дамыта оқыту қағидасы арнайы әдістермен және оқу әдістемелік: үздіксіз қайталау, жаңа материалды меңгеру үшін арнайы жағдай жасау, міндетті түрде көрнекіліктерді қолдану,

балалардың заттық-тәжірибелік іс-әрекетін кеңінен пайдалану, әрекеттерінің алгоритмделуі, орындаған жұмыстарын баяндап отыруды талап ету, оқу әрекетінің әр қадамына басшылық ету, бақылау тәсілдерімен қамтамасыз етіледі. 7. Ойлау, тіл және коммуникация дамуының біртұтастық қағидасы сөйлеу тілінің негізіндегі қарым-қатынастың үнемі дамуын қарастырып, сөздіклогикалық ойлау қабілетінің қалыптасуы мен мінез-құлығының реттелуіне әсерін тигізеді. 8. Іс-әрекеттік тәсіл педагогтың жетекшілігімен орындалатын оқушылардың заттық-тәжірибелік, ойын, бейнелеу, қолданбалы әрекетін кеңінен қолдануды және орындаған әрекеттерін айтып отыруды көздейді, ал ол өз бетінше, білім алушылардың жоғары психикалық функцияларының дамуына және өмірлік тәжірибесінің жинақталуына ықпал етеді. 9. Жеке және саралап оқыту тәсілі қағидасы оқу материалын меңгеру кезінде байқалатын білім алушылардың вариативті типологиялық ерекшеліктерімен байланысты болады және олардың білім, білік, дағдылардың меңгеруінің сапасына әсер етеді. 10. Саралап оқыту барысында мұғалім білім алушылардың түрлі типологиялық топтары үшін оқу материалының әр түрлі көлемі мен күрделілігін, білім алушылардың оқу тапсырмаларын орындау дербестік дәрежесін, көрнекідидактикалық материалдардың түрлерін қолданады. 11. Екінші тілге оқытудың бастапқы кезеңінде ауызша сөйлеу тілін түсіну қабілетін қалыптастыру, сөздік қорын анықтау және кеңейту негізгі болып табылады, олар тілдік естуін дамыту және түзеу бойынша жүйелі жұмыс жүргізілуімен, орфоэпикалық дағдыларын қалыптастырумен сабақтасады; бұл үшін әңгімелесуді, өлеңдер, жұмбақтар, жаңылтпаштар, сөйлемдер, тілдік ойындар жаттауды қолдануға болады; мұғалім сөздердің орфоэпикалық дұрыс айтылуын қадағалайды, қазақ тілінде сұрақтарға жауап беруге, сұрақ қоюға, сөздерді, сөйлемдерді, мәтінді оқуға үйретеді. 12. Тілді тәжірибелік тұрғыда меңгерудің бастапқы кезеңі тыңдау қабілеті болып табылады, оның негізінде байланыстырып сөйлеу, оқу және жазу қабілеті мен дағдылары қалыптасады. 13. Бұл үшін бірқатар қабілеттіліктер болуы тиіс: 1) сөзді тыңдау; 2) айтылғанды есту, сөйлеудегі қателіктерді табу; 3) үлгі негізінде естігенін дұрыс қайталап айту; 4) дыбыстарды, буындарды, сөздерді анық артикуляциялау; 5) естігенін көргенімен және сөздерімен сәйкестендіру:

дыбыстық және әріптік құрылымын сәйкестеу; 6) байланыстырып сөйлеу; 7) жазу. 14. Тілдік дағдыларын дамыту үшін түрлі талдауыштар қатысатын жағдайларды жасаған дұрыс: көру (суреттерді, заттарды көрсету), есту (мұғалімнің, құрдастарының не айтып жатқанын мұқият тыңдау, өзгелердің және өз сөзінің қателерін байқау); тактильді (дыбыс артикуляциясын сезіну). 15. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың жетістіктерін бағалау тек ішкі бағалаумен жүзеге асады. 16. Деңгейлік мақсаттарға сәйкес әзірленген тапсырмалар мен жаттығулар бағалаудың құралы болып есептеледі. 17. Оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру нәтижелерін тікелей мұғалім бағалайды, жүйелі түрде бақылау-бағалау әрекеттерін жүзеге асырады. 18. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды оқытудың нәтижелілігін бағалау ағымдық (сабақ бойынша), кезеңдік (тақырыптық) және қорытынды бақылау түрінде іске асырылады. 19. Ағымдық бақылау оқытудың мазмұны мен әдістерін дұрыс таңдау мақсатында жүргізіледі; педагог сабақта білім алушылардың қызметін бақылауды, практикалық және дербес жұмыстарды, ұжымдық қызмет түрлерін талдауды пайдаланады. 20. Кезеңдік (тақырыптық) бақылау әр типологиялық топтағы білім алушылардың оқу материалын меңгерудегі түрлі мүмкіндіктері ескеріле отырып, тақырыптың, тараудың аяғында жүргізіледі. 21. Әр білім алушының оқу жетістіктері мен даму динамикасын талдау мақсатында тоқсанның, жылдың аяғында қорытынды бақылау жүргізіліп, жетістіктері оқу картасына енгізіледі. 3-тарау. «Қазақ тілі» пәнінің мазмұнын ұйымдастыру 22. «Қазақ тілі» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі: 1) 2 - сынып - 2 сағат, барлығы 68 сағатты; 2) 3 - сынып - 2 сағат, барлығы 68 сағатты; 3) 4 - сынып - 2 сағат, барлығы 68 сағатты құрайды. 23. Бағдарлама 4 бөлімді қамтиды: 1) «Тындалым және айтылым» бөлімі; 2) «Оқылым» бөлімі; 3) «Жазылым» бөлімі; 4) «Тіл нормаларын қолдану» бөлімі. 24. «Тындалым және айтылым» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды: 4 1) тыңдаған материалдың мазмұнын түсіну; 2) қаратпа сұрақтарға жауап беру; 3) сөздердің лексикалық мағынасын, іс-әрекетке байланысты сөздер мен нұсқауды түсіну; 4) мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойын анықтау; 5) сөздерді, дыбыстарды орфоэпиялық нормаға сәйкес дұрыс айту; 6) дыбыстардың артикуляциясын нақтылау, дұрыс айту. 25.

«Оқылым» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды: 1) оқу дағдылары; 2) мәтін бойынша сұрақтарға жауап беру; 3) мәтіннің құрылымдық бөліктерін ажырату; 4) мазмұны бойынша кейіпкерлердің іс-әрекеттерін атау; 5) сөздердің, сөйлемдердің, қарапайым мәтіндердің мәнін түсіну, мазмұндау; 6) жаңа сөздердің мағынасы.

26. «Жазылым» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды: 1) жазу дағдылары; 2) дыбыстарды әріптермен сәйкестендіру, қарапайым сұрақтарға жауап жазу; 3) көшіріп жазу (мұғалімнің көмегімен); 4) пунктуациялық нормаларды сақтау.

27. «Тіл нормаларын қолдану» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды: 1) қарапайым орфографиялық және орфоэпиялық нормалар; 2) сөздің буын және дыбыс үндестігі; 3) грамматикалық нормалар.

28. 2-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» пәнінің базалық мазмұны: 1) тыңдалым және айтылым: тақырыпқа байланысты мұғалімнің, сыныптастарының сөзін, қарапайым нұсқауын түсіну. Қарапайым сөздерді көрнекілікке сүйеніп түсіну. Тыңдау барысында қаратпа, қарапайым сөздердің мағынасын түсіну, сұрақтарға үлгі бойынша, өз бетімен жауап беру. Жіңішке дауыстылар: Ә, І, Ө, Ү дыбыстарын естіп қабылдау, дұрыс айту, есте сақтау. Жуан және жіңішке жұп дауыстыларды (А-Ә; О-Ө; Ы-І; Ү-Ұ) ажырата білу, сурет бойынша сол дыбыстармен сөздер айту. Дыбыстарды буындарда, сөздерде, сөз тіркестерінде дұрыс қолдана білу; 2) оқылым: жеке әріптерді, әртүрлі буындарды, қысқа сөздерді оқу; сөздерді буын жігімен дауыстап оқу; қысқа мәтінді буын жігімен дауыстап оқу. Мәтінде кім (не) туралы айтылғанын анықтау, сұрақтарға жауап беру. Мұғалімнің көмегімен сөздің лексикалық мәнін түсіну. Мәтіннің құрылымдық бөліктерін ажырату. Заттың іс-әрекетін, қимылын білдіретін сұрақтарға жауап беріп, кейіпкерлердің іс-әрекеттерін атау; 3) жазылым: қарапайым сөздерді жазу. Мәтін бойынша, суреттер бойынша қазақ тіліне тән дыбыстарды әріптермен сәйкестендіру, қарапайым сұрақтарға жауап жазу. Мәтіннен қажетті сөздерді (мұғалімнің айтуы бойынша) тауып 5 дұрыс көшіріп жазу. Бас әріптер мен кіші әріптердің биіктігін, енін, көбеулігін және олардың байланысын сақтап жазу. Сөйлемде бірінші сөзді бас әріппен жазу, сөйлемдің соңында нүкте қою; 4) тіл нормаларын қолдану: қарапайым орфографиялық және орфоэпиялық нормаларды сақтау: сөйлемдерді тыныс белгілерін дұрыс қойып жазу.

29. 3-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» пәнінің

базалық мазмұны: 1) тыңдалым және айтылым: тақырып аясында сөз тіркестерін, жеңіл сөйлемдерді түсіну, екі сөзден тұратын сөз нұсқауларын түсіну, орындау. Жаңа сөздердің мағынасын түсіну. Сұрақтарға үлгі бойынша жауап беру. Мәтіннің тақырыбын, негізгі мазмұнын анықтау (мұғалімнің көмегімен). Өтілген дыбыстарды және ұ, і, қ, ң, һ дыбыстарын дұрыс айту, ажырату; дауысты дыбыстарды естеріне түсіру: а-ә, о-ө; құрамында (а-ә, о-ө, ү-ұ, ы-і) дыбыстары бар сөздерді атау; дауыссыз дыбыстар к-г, қ-ғ дұрыс айта білу; к-г, қ-ғ дыбыстарына суреттер қарап сөздер табу, аудармасын білу; құрамында к-г, қ-ғ дыбыстары бар сөздерді атау, оқу, жазу, есте сақтау; н-ң дыбыстары; дыбыс ерекшеліктерін өзара салыстыра білу, есту арқылы ажырата білу; жаңа сөздерді қазақшадан орысшаға, орысшадан қазақшаға аударуға дағдылану; 2) оқылым: өтілген әріптерден тұратын әр түрлі буындарды, сөздерді оқу, мағынасын түсініп аудару. оқу дағдыларын (жиі кездесетін сөздерді тұтас оқу, түсініп оқу) қолдану; мәтіннің құрылымдық бөліктерін ажырату; мазмұны бойынша кейіпкерлердің іс-әрекеттерін атау; мәтін иллюстрациясы бойынша сұрақтар қоя білу, немесе оқығаны бойынша қойылған сұраққа жауап беру (мұғалім көмегімен); сұрақтың құрамындағы сөздерді пайдаланып, сұрақтарға жауап беру; 3) жазылым: екі-үш сөзден құралған сөйлемдерді жазу; мұғалім көмегімен оқыған/тыңдаған мәтіндердегі ақпаратты сурет, сызба, белгілер қолданып жеткізу, жазу; сөйлемді тексеру және қателерін түзету; әріп элементтерін талаптарға сай жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап жазу; сөйлемде бірінші сөзді бас әріппен жазу; сөйлемдің соңында нүкте қою, педагогтың көмегімен сөйлем соңында қажетті тыныс белгісін қою; 4) тіл нормаларын қолдану: айтылуы мен жазылуында айырмашылығы жоқ сөздерді жазу; мұғалімнің көмегімен ә, і, ө, ү, ұ, ң, қ, ғ, һ әріптері кездесетін сөздерді дұрыс айту және жазу; көптік, септік жалғауларының қарапайым формаларын қолдану. Заттың атын, санын білдіретін сөздерді ажырату және орынды қолдану. 30. 4-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» пәнінің базалық мазмұны: 1) тыңдалым және айтылым: күнделікті іс-әрекетке байланысты қарапайым сөздерді түсінуі, сурет бойынша жауап беру; қаратпа, қарапайым сөздердің мағынасын түсіну, көмекпен, өз бетімен жауап беру; үш сатылы сұрақтарға өз бетімен жауап

беру; өз бетімен тақырып бойынша мәтінді кім (не) туралы айтылуын болжау;әңгіме кейіпкерлеріне мінездеме беру (мұғалімнің көмегімен); мәтінде не туралы айтылғанын суреттен көрсету; өткен дыбыстарды б және і, һ дыбыстарын естіп ажырату, дұрыс айту; қазақ тіліне тән дыбыстарды анық, дұрыс айту, ажырату; 2) оқылым: оқу дағдыларын (тұтас оқу, түсініп оқу) қолдану. Жай, сөйлемді оқу, жазу, мәтіннен сөзді тауып, оқу; шағын мәтіндерді (2-3 жай сөйлемнен тұратын) оқу; өз бетімен оқыған мәтіннің кез келген жерін тауып оқу; мәтіннен өз бетімен кейіпкерлердің іс-әрекеттерін тауып оқу, атау; мұғалімнің көмегімен сөздің лексикалық мәнін түсіну, қарама-қарсы мағыналы, мәндес, көп мағыналы сөздердің мағыналарын ажырату; мәтіннің мазмұны бойынша жоспар құру (мұғалімнің басшылығымен) және мазмұндау; көрнекілік сурет, мәтін бойынша Кімге? Неге? Кіммен? Немен? Неше жастасың? деген сұрақтарға қарапайым үлгілерді пайдаланып сөйлесу; затты сипаттау (үлкен, қызыл); этикалық оралымдарды қолдану; тақырыпқа сәйкес сөздерді дұрыс атау, есте сақтау, мағынасын түсіну; жаңа сөздердің аудармасын білу;үлгі бойынша сөйлей білу: мынау не? Мынау нелер?; сөйлеу үлгілерін түсінікті аудара білу; шағын жұмбақ, тақпақ жаттап айта білу; 3) жазылым: үш-төрт сөзден құралған сөйлемдерді жазу; суреттер, мәтін бойынша қазақ тіліне тән әріптерін дұрыс қолданып сұрақтарға жауап жазу; мәтіннің басы, ортасы, соңынан қателерін тауып көшіріп жазу; әріп элементтерін талаптарға сай жазу, сөйлемдерде тыныс белгілерін орынды қойып, жазу; көру, есту диктантты жазу; сөйлемдерде тыныс белгілерін орынды қойып, жазу; 4) тіл нормаларын қолдану: бас әріппен жазылатын сөздерді (кісі аттары, жер-су атаулары) анықтау, қатесіз дұрыс жазу; тәуелдік, көптік, септік, жіктік жалғауларының қарапайым формаларын қолдану; заттың сынын, қимылын білдіретін сөздерді ажырату және орынды қолдану. 31. Осы бағдарламада оқу материалын сыныптар (тоқсандар) бойынша бөлу үлгі болып табылады, мұғалім оқу материалын оқып-үйренуді білім алушылардың меңгеру ерекшеліктерін ескере отырып, бір сыныптан екіншісіне (тоқсаннан екіншісіне) ауыстыруға құқылы. Сыныптағы білім алушылардың мүмкіндіктерімен ерекше оқыту қажеттілігіне байланысты тақырыпты меңгеруге қажет сағат санын мұғалім өзі анықтап, жоспарлайды. Әр сыныпта оқуды бұрын оқыған материалды

қайталаудан басталады. 4 - тарау. Оқыту мақсаттарының жүйесі 32. Оқу бағдарламасында оқыту мақсаттары кодтық белгімен белгіленді. Кодтық белгіде бірінші белгі - сыныбын, екінші және үшінші белгі - бөлімнің және бөлімшенің реттік санын, төртінші белгі оқу мақсатының реттік номерін көрсетеді. Мысалы, 2.1.2.1 кодында «2» - сыныбы, «1.2» - бөлімшесі, «1» - оқыту мақсатының реттік саны. 33. Оқыту мақсаттарының жүйесі бойынша күтілетін нәтижелер:

1) «Тыңдалым және айтылым» бөлімі:

1-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары
	<p>3-сынып</p> <p>3.1.1.1 сөзді зейін қойып тыңдау, түсіну және оған сәйкес дұрыс әрекет ету (қимылым-ишараны қолданып әрекет жасау)</p> <p>3.1.2.1 қаратпа сөздердің мағынасын түсіну;</p> <p>3.1.2.2 сұрақтарға үлгі бойынша жауап беру</p> <p>3.1.3.1 күнделікті өмірде қолданылатын таныс сөздерден құралған қарапайым сөйлемдердің мағынасын түсіну</p> <p>3.1.4.1 мәтіннің тақырыбын, негізгі мазмұнын анықтау (мұғалімнің көмегімен)</p> <p>3.1.5.1 сөздегі дыбыстарды дұрыс айту</p> <p>3.1.6.1 өтілген дыбыстарды және ұ, і, қ, ғ, ң, һ дыбыстарын дұрыс айту, ажырату;</p> <p>3.1.6.2 дауысты дыбыстарды естеріне түсіру: а-ә, о-ө; құрамында (а-ә, о-ө, ү-ұ, ы-і) дыбыстары бар сөздерді атау</p>

2) «Оқылым» бөлімі:
2-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары
	3-сынып
	<p>3.2.1.1 оқу дағдыларын (жиі кездесетін сөздерді тұтас оқу, түсініп оқу) қолдану;</p> <p>3.2.1.2 әр түрлі буындарды, сөздерді оқу, мағынасын түсініп аудару</p> <p>3.2.2.1 мәтіннің мазмұнын түсіну;</p> <p>3.2.2.2 кім? кімдер? не? нелер? не істеді? не істейді? қайда? сұрақтарына дұрыс жауап беріп, диалогтық сөйлеу тілін дамыту</p> <p>3.2.3.1 сұрақ бойынша оқыған мәтіннің басын, ортасын және соңын анықтау</p> <p>3.2.4.1 мәтіннен үлгі бойынша кейіпкерлердің іс-әрекеттерін тауып оқу, атау</p> <p>3.2.5.1 мәтін иллюстрациясы бойынша сұрақтар қоя білу, немесе оқығаны бойынша қойылған сұраққа жауап беру (мұғалім көмегімен)</p> <p>3.2.6.1 мәтіндегі жаңа сөздерді тауып оқу, мағынасын түсіндіру</p>

3) «Жазылым» бөлімі:

3-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары
	3-сынып
	3.3.1.1 екі-үш сөзден құралған сөйлемдерді жазу дағдыларын жетілдіру 3.3.2.1 мұғалім көмегімен оқыған/тыңдаған Мәтіндердегі ақпаратты сурет, сызба, белгілер қолданып жеткізу, жазу 3.3.3.1 сөйлемді тексеру және қателерін түзету 3.3.4.1 сөйлемде бірінші сөзді бас әріппен жазу; 3.3.4.2 сөйлемдің соңында нүкте қою; 3.3.4.3 педагогтың көмегімен сөйлем соңында қажетті тыныс белгісін қою

34. Бағдарлама жеңіл ақыл ойы кемістігі бар білім алушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 2-4 сыныптары үшін «Қазақ тілі» пәнінен

жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының ұзақ мерзімді жоспары

негізінде осы Бағдарламаның қосымшасына сәйкес жүзеге асырылады. Ұзақ мерзімді жоспарда барлық сынып бойынша әр бөлімде қамтылатын оқу

мақсаттарының көлемі белгіленген.

35. Бөлімдер мен тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

36. Оқыту бастауыш сыныптардағы белгіленген барлық оқу жылына

арналған бірыңғай ортақ тақырыптар контекстінде жүзеге асырылады

Утверждаю
протокол №1 заседания
педагогического совета
от 31 августа 2022
Л.Ершова
01.09.2022 г.

Типовая учебная программа
по учебному предмету «Математика» для обучающихся с легкой умственной
